



Қызылорда облыстық жастар газеті

Ақмешіт

6+

...Мен жастарға сенемін!

Мағжан

ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады



№4 (541)
25 қаңтар,
2024 жыл

Биболат Сәтжан – өне бойында өлең тұнған ақын. Пайымы парасатты, түсінігі терең. Әдебиеттегі әр өзгерісті өзінше түйсініп, оқудан қол үзбейді, пікірі де өткір. Осы орайда жас ақынмен әсерлі әңгіме өрбіткен едік.

АҚЫН РӨЛІН ОЙНАП ЖҮРГЕН ӘРТІС КӨП

– «Нағыз өлең жиырма алты жасқа дейін жазылады» деген пікір бар. Бұған көзқарасыңыз қалай? Қазір жана өлең жазып жүрсіз бе?

– Бұл сөзді Фолкнер айтқан. Әрі нақты 26 жасқа дейін деген. «Он жеті мен жиырма алты жас арасы поэзия үшін ең жақсы уақыт. Ал проза асығыстықты көтермейді. Отыздан асқанда, адамның ақылы толысқанда айналысқаны дұрыс» деген. Бұған қатысты менің көзқарасым жоқ. Әркім қалаған уақытында ойына келген сөзін айтсын, жазсын.

Бірақ ойлап қарасам, шамамен 26 жасқа дейін ғана өлең жазыпмын. Оның ішінен өлең деуге келетін 26 өлең шықса шыққаны. Екі адамның бірі ақын. Мектеп кезінде әдебиетке бағыт сілтеп, кітап оқуға ынталды ашқан бір ағайым алғашқы өлеңдерімді көріп, ренжігені бар. Ол кісі «Қызылордада үш нәрсе көп – газель, ит, сосын ақын. Аспанға таяқ лақтырсаң, осы үшеуінің бірінің басына түседі» дейтін. Және ақындарды әдейі ең соңына қоятын. Дүниеде әдебиеттен басқа нәрсе жоқтай көрінетін 16-17 жасар мен ол сөзіне намыстанатымын. Қазір қарап отырсаң, шындығы сол. Бұл – өте аянышты жағдай. Өлең-сөз қуып жүретін кез емес деп ойлаймын. Кейбіреулер құсап алпыстан асқанша махаббатты жырлап жүргім келмейді.

Жалғасы 5-бетте

Қазір жазып жүрген жоқпын. Жазбайтын да шығармын. Ақын болмауға тырысып жүрмін. Айтатын ештеңем жоқ. Айналаға қарасаң, бәрі тек өлең жазу үшін өлең жазып жүр.



ЖАҒАНДЫҚ

«ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА»

ЖАҢА ҚҰАТ КӨЗДЕРІНЕ ЖАН БІТІРЕДІ

Әлем дамуының жаңа тірегіне айналған «Жасыл экономика» екені сөзсіз. Бұл қоршаған ортаға зиян келтірместен, адамзатты өмір сүруге қажет ресурстармен қамтамасыз етудің төте жолы.

Әйткенмен «Тас дәуірі тастың таусылғандығынан аяқталған жоқ» дегендей, мәселе елімізде көмірсутегі қорларының аздығы мен көптігіне байланысты емес. «Жасыл экономиканың» адамзат үшін маңызын жаңалықтарға қарап аңғаруға болады.

Оған қоса, Президент Қ.К.Тоқаев халыққа Жолдауында энергетиканы тиімді пайдалануға және басқа да ресурстарды үнемдеуге қатысты нақты нормативтік талаптарды біртіндеп енгізу қажет екеніне тоқталған болатын. Иә дүниенің назарын аударған тақырыпты тарқатуға және еліміз қол жеткізген жетістіктер мен кемшін тұстарды таныстыру үшін, саланы сараптап көрдік.

4-бетте



Сусамырға арналған «SMART ИНСУЛИН»

«Адам қартайды – ауру жасарады». Бұл мақалдың маңызы күн өткен сайын артуда. Өткенге көз жүгіртсек, қой және жылқы етімен тамақтанғанын, ауыр тағаммен күнде дастарқандас болған ата-бабалардың дәуірінде деннің саулығы мәселесімен бетпе-бет келген адамдар болмаған-ды. Жылқының сорпасын айына бір ішетін бүгінгі адамдар аурушаң келеді. Мәселен, қарияларға жақын дерттің бірі сусамыр жаңа технологиялар тәрізді дамып, түрлі пішінге ие болды. Оның жас талғамайтын сырқат екені де анық. Көзге көрінбейтін ауру әлем бойынша миллиондаған адамдардың денсаулығына әсер етуде. Қант диабеті көгілдір экран, газет, сайт, журналдың алдыңғы беттерінде жарияланбауы мүмкін, бірақ оның денсаулық пен өмір сапасына тигізетін кері әсерін бағаламау өрескел қателік. Тәтті естіліп, мән берілмейтін дерттің тарихына, әсеріне тоқталып, «тәтті қауіптің» жаңалықтарын сараптайық.

3-бетте



ЖАТАҚХАНА: Студент жайы жақсара ма?



Арман қуып қалаға келген студенттің алғашқы қиындығы – тұрақты баспана табу. Бірі туысқанның үйін жағалап, жайлы мекен іздесе, енді бірі жатақханадан орын алуға асығады. Қатарластарымен жалдамалы пәтер алып, ай сайын ақы төлейтіндер де көп. Бұдан бөлек түнейтін жай таппай, пәтер жағалай сенделген студенттің бары да жасырын емес. Бұл тұрғыда білім іздеп кеткен баласының қарыны тоқ, көйлегі көк болуын тілейтін ата-ананың үрейі мол. Соңғы уақытта кәсіпкерлердің жатақхананы табыс көзіне айналдыруға жасаған әрекеті де, мемлекет тарапынан қолға алынған жобалар да мәселені толық шешуге жол ашар емес.

2-бетте



ВАНДАЛИЗМГЕ “ТЕЖЕУ” КЕРЕК

Өткен жылдың ішінде тағзым алаңындағы 70-ке жуық көше шамын бұзақылар қиратыпты. Ол жөнделгеннен кейін де шам сындыру тәртіпсіздер үшін дағдыға айналғандай. Апта сайын шам ауыстырып жүрген мамандарды көресіз. Таяуда ғана пайдалануға берілген «Шұғыла» мөлтек ауданынан «КБИ» шағын ауданына өтетін көпірдің әйнегі мен мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған лифтінің есіктерін, әйнектерін тағы бүлдірді. Бойындағы бұла күшің тасыса, рингке бар немесе қолыңа күрек ұстап, еңбек ет. Ал елге салынған нысанды мұнша ессіздікпен қирататындай қандай ақын кетті екен?! Иә, бұл тәп-тәуір дүниенің тоз-тозы шығып жатқанын көргендегі ой.

2-бетте



ОМЫРТҚАНЫ
ЕМДЕУДІҢ ОҢТАЙЛЫ
ТӘСІЛІ

3



SPARTATHLON:
ШАҚЫРЫМ ШЫНДЫҒЫ

7



ӘЗІЛ ЖАЗУ
ҮШІН ТАЛАНТ ПЕН
ТАПҚЫРЛЫҚ ҚАЖЕТ

8

Басы 1-бетте

Кейінгі бес-он жылдықтың көлемінде Қызылорданың көркейіп, жаңа кейіпке енгенін күн сайын көз көріп, көңіл сезіп келеді. Тұрғындар игілігіне көптеген нысандар бой көтерді. Елге қолайлы жағдай жасалып, демалыс алаңдарына дейін салынууда. Бірақ бір әттеген-ай бар. Барды ұқсатып, салынған дүниенің қадіріне жетіп, күтіп ұстаудың кемшін екенін байқайсың. Көшедегі орындықтың ағаштары төбелескіш тентектердің қолында кеткенін талай көрдік. Иә анығы осы?! Қызылорда қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жоллаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Жеңіс Файзуллаев вандализммен тұрақты күрес жүргізіліп жатқанын айтады.

Вандализмге “тежеу” керек



— Қала бойынша бұзақылар әлсін-әлсін қиратып жүрген бірнеше нысан бар. Оның қатарында тағзым алаңы, Әл-Фараби ауданындағы мектеп жанындағы демалыс алаңы, қала көшелеріндегі орындықтарды айтуға болады. Бұл — үлкен шығын. «Шұғыла» шағын ауданындағы көпірдегі мүгедектерге арналған лифтінің есіктерін ауыстырып жатырмыз. Бұзақылар ұсталып жатыр ғой, бірақ тым әдемі көріністі бұзып, қиратқаннан не пайда? Бәрі өзіміз үшін. Осы қаланың тұрғыны ретінде сол әдеміліктің ортасында жүрмейміз бе?! Бұрындары аялдаманың әйнектерін шағып кететін, қазір азайды. Бірақ орындықтар мен саябақтарды қиратып, сындыру тыйымсыз тұр, — дейді бөлім басшысы.

Былдың өзінде қала орталығы абаттандырылып, жаңаша күйге енді. Кіреберістен бастап, құдды бір Елорда төсіндегі Ақорданы көргендей болатынымыз жасырын емес. Алаңқайлар жасыл-желекпен көмкеріліп, жолдар кеңейіп, шабардың шырайы арта түсті. Тек осы бір әдемілікке сызат түсіріп, көзге шыққан сүйелдей әрекеттерді жасамасақ игі. Қала тұрғындары да бұл бағытта өздерінің ойымен белгілі.

Бұрын сырт қалалардан келген таныстарым мұрнын шүйретін, қазір Қызылорданы аузынан тастамайды. Олардың қызығушылығы жаксы. Бұрын «Большая деревня» дейтін, қазір пікірлері өзгерген. Біздің де, сіздің де ортақ үйіміз бар. Ол — туған қаламыз. Облыстың бас қаласы, айнасы. Оған залал келтірмейік. Пайдан тиіссіз де, зиянды тигізбе. Меніңше, әрбір отбасында осылай тәрбие беруіміз керек. Бала обал-сауапты естіп өссе, мұндай ерсі тірлікке бармайды, — дейді қала тұрғыны Ботакөз Сүлейменова.

Тауда «Шұғыла» мөлтек ауданындағы жаңа көпірдің де жағдайы жантүршігерлік кейіпте қалды. Әлбетте, мамандар қайта жасап, ретке келтіріп жатыр. Бірақ елдің игілігіне берілген тәп-тәуір дүниеге зиянын тигізген адамдардың әрекетіне қалай баға беруге болатыны түсінікісіз.

Кім болса да, көзбен көрмей кінә арта алмаймыз. Маскунемдер шығар... Ағайындар, қол-аяқтарын бүтін болса, өздігінен жүре алмайтын жандарға жасалған жағдайға неге қинанат жасайсындар? Қаламыздың тыныштығы да, тазалығы да өз қолымызда. Еңбекті бағалайық, — дейді қала тұрғыны Нұржан Мұсабеков.

Өйтсе де ұрлықтың да, қылмыстың да түптің түбінде ашылатыны, елге белгілі болатыны анық. Бұл ретте Қызылорда қалалық полиция басқармасы аталған жағдайға қатысты «Қызылорда қаласы Жаппасбай батыр көшесі бойында орналасқан жаяу жүргіншілер көпірінің мүгедектерге арналған лифтінің жоғары жағындағы ақ түсті пластик есіктерін сындырғаны үшін ҚР ӘҚБтК-нің 147-1 бабының 1 бөлігімен әкімшілік шара көрілгенін жеткіземіз» деп мәлімдеме жасады.

Рас, аулалардағы брусчатканың жұлынып әржерде жататыны, орындықтардың ағашсыз қалғаны тәрізді деректерден көз сүрінетін. Қазір, жағдай түзеліп, вандализм әрекеттері тыйылды дегенмен, мүгедектерге жасалған жағдайға қырын қараған кім екен?! Әлбетте қылмыстың өтеуі — жаз.

Аян СПАНДИЯР

ЖАТАҚХАНА: Студент жайы жақсара ма?

Басы 1-бетте

Есте болса, өткен жылы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 13 мыңға жуық студентке жатақхана жетіспейтінін айтқан болатын. Сол-ақ екен, жыл өтпей ЖОО мен колледждердің жатақханаларында орын тапшылығы 3 есеге қысқарды. Бұл ретте жатақханалар салуға мемлекеттік тапсырыс беру тетігі жетілдірілді. Атап айтқанда, республика бойынша жылына төсек-орын үшін норматив 122 АЕК-тен 195 АЕК-ке дейін артты. Өткен жылы жалпы жиыны 11 мың орындық 44 жатақхана пайдалануға берілді.

Бұл — кешенді жоспардың нәтижесі. Себебі Мемлекет басшысының сөзінен соң Үкімет мәселені шешу механизмін ұсынған-ды. Алдағы 5 жылдың ішінде кемінде 90 мың студентті жатақханамен қамту жоспарланғанын білеміз. Содан бері құзырлы орган мен кәсіпкерлер құрылысқа кірісіп, біршама жеке орындалған болатын. Аймақта да жатақхана саны артып, басынаға мұқтаж студенттердің жаңа жатақханаға қол жеткізуіне мүмкіндік туды.

Жалпы кәсіпкерлердің жатақхана салу ісіне ынтасы бұрын бар болса да, соңғы жылдары қарқын күшейді. Мәселен, бұл бастама аясында 2018 жылдан бері ҚР БҒМ Қаржы орталығы арнайы бағдарлама әзірлеп, жұмыс істеуде. Кез келген жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға жатақхана салса, әрбір салынған орынға мемлекеттік тапсырыс аясында қаражат бөлінеді. Мұндай бастама әлеуметтік мәселені шешудегі кәсіпкерлердің белсенділігін арттыруға да демеу.

Табыс көзіне айналды

Расында, қазір жатақхана салу табысты кәсіп көзіне айналған. Оған себеп — сұраныс. Мысалы, 2018 жылы 82 мың студент жатақханаға мұқтаж болды. Мәселені шешу үшін 30 мың орын пайдалануға беріліп, сұранысты толық қамтамасыз ету үшін тағы 50 мың орын салу жоспарланған болатын. Алайда өткен жылы жатақхана қажет студенттің саны 24 мыңға жеткен. Мұндай үрдіс ірі шаһарларда ғана емес, аймақтағы қалаларда да байқалауда. Сала мамандарының сөзінен, тапшылық жыл сайын оқуға түсетін студенттердің санына байланысты көрінеді.

Жатақхана құрылысының барлығын мемлекет жүргізеді деген қате ұғым. Мемлекеттік тапсырыс, МЖӨ, субсидия секілді жолмен кәсіпкерлерді тарту ісі сәтті жүзеге асып келеді. Бүгінде жеке кәсіпкерлер жатақхананы өз қаражатына салып, мемлекеттік тапсырыс арқылы табыс табууда.

Алайда бұл — жеңіл пайда көзі емес. Қойылар талап берік. ҚР БҒМ «Қаржы орталығы» АҚ-ның басқарма төрағасы Асқар Ибраимов кәсіпкерге қойылатын міндет пен ерекшелікті бұған дейін де хабарлаған.

— Егерғимарат басынан бастап салынса, бір студентке шаққандағы мемлекеттік тапсырыстың жылдық мөлшері 195 АЕК. Бұл ретте алғашқы 1 жылда төлемдер екі есе көп төленеді. Мемлекеттен төлем мерзімі өткеннен кейін нысан құрылыс салушының меншігінде қалады. Жалғыз шарт 20 жыл мерзімге нысанның мақсатын өзгертпеу туралы міндеттеме рәсімделеді. Студенттік жатақхананың ай сайынғы төлемі мемлекеттік тапсырыс



құнына кірмейді, бірақ ол көтерме болуы тиіс. Жобаға қатысушының қосымша табыс көзі болуы мүмкін. Сондай-ақ жеке қызметтер көрсету үшін асхана, шаштараз, спорт залы секілді коммерциялық кеңістік құра алады. Құрылыс және одан әрі пайдалану қолданыстағы құрылыс, өртке қарсы және санитарлық-эпидемиологиялық нормаларға қатаң сәйкес жүзеге асырылуы керек, — деген басқарма төрағасы.

Аймақтағы ахуал қандай?

Бүгінде «жатақхана» ұғымының түпкілікті өзгергені шындық. Өткен ғасырдағы шағын бөлме, асханаға шұбылған кезек емес. Бәрі заманауи, тіпті кей үйде жоқ жағдай жасалған. Тегін уай-фай, жылы бөлме, ыстық су. Ақысы да қалтаға қонымды. Айына жалдамалы пәтерге ең азы 50 мың теңге төлесе, жатақхананың құны небәрі 5-10 мың теңге тұрады. Ойын-сауық, қызықты студенттік шақ та осында. Содан болар жатақханаға жатуға құмар жастың қатары артып келеді.

Өткен жылы облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Үкімет басшысының тапсырмаларын іске асыру жөнінде жиында аталған мәселені көтерген болатын.

— Республикалық штаб отырысында Үкімет басшысы студенттік жатақханалардағы орын тапшылығы мәселесін шешу үшін тиісті шаралар қабылдауды тапсырды. 2022-2023 оқу жылында облыстағы жоғары оқу орындарында, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында 36 238 студент білім алды. Оның ішінде 5 793 студент жатақханамен қамтылған. Аймақтың 30 колледжіндегі 20 672 студенттің 3646-сына жатақхана берілген. Облыс орталығы мен аудандардағы колледж жатақханаларында орын тапшылығы мәселесі болмауы тиіс. Жергілікті кәсіпкерлермен бірлесіп, колледждердегі жатақхана қажеттілігі мәселесін жедел шешу үшін шара қабылданды, — деді.

Осы орайда Қызылорда қаласындағы студенттердің жай-күйін білу мақсатында бірнеше жатақхананың жағдайын саралауға тырыстық. Байқасақ, мұндағы білім алушылардың тынығуынан бастап, бос уақытын тиімді өткізуі де назарға алыныпты. Түрлі мәдени жиын мен спорттық шаралар студенттердің көңілді қалпын сақтауына ықпал етуде. 3 жыл бұрын пайдалануға берілген «Өркениет» студенттер үйі қонақүйден кем түспейді.

Үлкен футбол алаңы, ателье, кіші маркет дүкеніне дейін қамтылған. Тұрғындардың ай сайын төлейтін ақысы да қолайлы.

— «Өркениет» студенттер үйінде 500-ге жуық білім алушы қоныстанған. Жатақханада кір жуу, демалыс бөлмелері, асхана, кітапхана, ателье, кіші маркет дүкен бар. Алдағы уақытта спорт зал, фитнес залы, компьютер клубы, монша пайдалануға берілімек. Бөлмелер кең, дәретхана мен жуынатын бөлме ішінде. Әр қабатта интернет қамтамасыз етілген және студенттердің тамақ істеуіне қолайлы асхана орналасқан, — дейді студенттер үйінің менеджері Гүлшат Әбдіқұлова.

Қызылорда медициналық жоғары колледжінің 300 орынға шақталған жатақханасында да барлық мүмкіндік бар. Әр қабаттағы тамақ әзірлеуге арналған тұрмыстық бөлме, бос уақытқа арналған демалыс орны, медициналық пункт, оқу залы жөндеуден өтіп, керек-жарак толықтырылыпты. Тоңазытқыш, қысқа толқынды пеш, кір машинасы секілді тұрмыстық техникалар қамтылған. Жатақханада тәрбиешілер, студенттер кеңесі жұмыс істеуде. Мәдени, тәртіптік жұмыстың жүйелі жүруін, жатақхана тұрғындарының тәртібін қадағалауды студенттер кеңесі қадағалайды. Топ жетекшісі мен ата-ана байланысы назарда.

Студенттерге жасалған жайлы орта М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінен де байқалды. Әсіресе жанартылған жатақхананың бейнебақылаумен қамтылуы көңіл қуантты. Әр қабатта тамақ әзірлеуге арналған асхана, жуынатын бөлме, демалыс орны, оқу залы заманауи талапқа сай. Бірнеше жылы бұрын күрделі жөндеуден өткен сон нысанда барлық қажеттілік түгелделген.

— 1 жыл достармен пәтер жалдап тұрдым. Жалдау ақысы қиынға соққасын колледж жанындағы жатақханаға ауысуға шешім қабылдадым. Колледж бен жатақхана бір аулада орналасқандықтан, сабақтан кешікпеуге әрі студенттік шараларға белсенді араласуға мүмкіндік бар, — дейді студент Әміржан Қожабекұлы.

P.S. Студенттердің алаңсыз білім алып, денсаулығы мен қауіпсіздігін сақтау үшін тұрақты баспана қажет. Жатақхананың жайы алаңдатпаса, қосымша қаржы іздеп, жалдамалы пәтерге телмірмейтіні анық. Тек ендігі меже — кәсіпкермен бірлесе сұранысты толық қанағаттандыру.

P.МАҚСҮТ

«Дипломмен ауылға» бағдарламасы

«Дипломмен ауылға» мемлекеттік бағдарламасы ҚР Ұлттық экономика министрлігінің 2014 жылғы 6 қарашадағы № 72 бұйрығы негізінде жүзеге асырылууда.

Денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнер-кәсіптік кешен саласындағы мамандар және ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері апараттарының мемлекеттік қызметшілері ауылдық елді мекенге жұмысқа орналасқан жағдайда, 100 айлық есептік көрсеткішке тең сомада біржолғы көтерме жәрдемақы және қажеттілігіне қарай тұрғын үй сатып алу үшін 2000 айлық есептік көрсеткіштен аспайтын

сомада 15 жылға дейінгі мерзімге жылдық 0,01 % мөлшеріндегі сыйақы мөлшерлемесімен бюджеттік несие түрінде әлеуметтік қолдау шараларын алу мүмкіндігі бар.

Әлеуметтік қолдау шараларын алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге электрондық форматта otbasubank.kz/programm-bank Баспана Маркет жылжымайтын мүлік порталы арқылы мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) көтерме жәрдемақы алған кезде;
 - Қағиданың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш;
 - жеке басты куәландыратын құжат не

цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);

- білімі туралы диплом не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);
- көрсетілетін қызметті алушының еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 2) тұрғын үй сатып алуға/салуға бюджеттік кредит алған кезде:
 - Қағиданың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш;
 - жеке басты куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);

- білімі туралы диплом не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);
- көрсетілетін қызметті алушының еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;
- неке кино (ерлі-зайыптылық) туралы куәлік не некеде тұрған көрсетілетін қызметті алушылар үшін цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);
- Кредиттік бюродан есеп;

Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі

Қызылорда қаласы әкімдігінің 2024 жылғы «23» қаңтардағы № 50 қаулысына қосымша

Қызылорда қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 23 қаңтардағы № 50 қаулысы

Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63-бабына сәйкес, Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының Ақсуат ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 15 қаңтардағы № 03-01/32 хатын қарап, Қызылорда қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Меншік иелерінен немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушылардан Қызылорда қаласы, Ақсуат ауылдық округі аумағында орналасқан жалпы көлемі 10 000,0 (он мың) шаршы метр жер учаскелерін мектеп құрылысы үшін осы қаулының қосымшасына сәйкес мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылғы 25 сәуір болып белгіленсін.
3. Меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы жүргінетін орын Қызылорда қаласы, Қонысбек Қазантаев көшесі, № 43, № 13 кабинет болып белгіленсін.

4. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына жарияласын.
5. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскелерінің меншік иелерін ескертсін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да қажетті шаралар қолданысын.
6. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.
7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімінің міндетін атқарушы

Д. Тұрсынбаев

№	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесінің немесе жер пайдаланушының аты-жөні	Көлемі, шаршы метр	Нысаналы мақсаты	Құқық түрі
1	10-156-066-5967	Турманов Онталап Бұхарбаевич	1000,0	өзіндік қосалқы шаруашылығын жүргізу үшін	уақытша өтеулі
2	10-156-066-5394	Бакытжан Рамазан Бакытбекұлы	1000,0	өзіндік қосалқы шаруашылығын жүргізу үшін	уақытша өтеулі
3	10-156-066-5115	Бакытжанова Әсел Бакытбекқызы	1000,0	өзіндік қосалқы шаруашылығын жүргізу үшін	уақытша өтеулі
4	10-156-066-4776	Ахметов Амантай Қудмырзаевич	1000,0	өзіндік қосалқы шаруашылығын жүргізу үшін	жеке меншік
5	10-156-066-5851	Озьякбаева Мирамкул	1000,0	өзіндік қосалқы шаруашылығын жүргізу үшін	уақытша өтеулі
6	10-156-066-4536	Серікбаев Әділғазы Мұратұлы	1000,0	өзіндік қосалқы шаруашылығын жүргізу үшін	жеке меншік
7	10-156-066-4464	Отанов Бағдат Анарбекұлы	1000,0	өзіндік қосалқы шаруашылығын жүргізу үшін	жеке меншік
8	10-156-066-4525	Батышев Жандос Жанабекевич	1000,0	өзіндік қосалқы шаруашылығын жүргізу үшін	жеке меншік
9	10-156-066-5838	Примбетова Аралкуль Наргулаевна	1000,0	өзіндік қосалқы шаруашылығын жүргізу үшін	уақытша өтеулі
10	10-156-066-4627	Нұрғалиұлы Сералы	1000,0	өзіндік қосалқы шаруашылығын жүргізу үшін	жеке меншік
Барлығы			10 000,0		

СУСАМЫРҒА АРНАЛҒАН «SMART ИНСУЛИН»

Басы 1-бетте

Ғалымдар мен денсаулық сақтау ұйымдарының айтуынша, тәтті мен түрлі тағамға қолжетімділіктің нәтижесі – сусамыр. Алайда бұл кеселдің дамуына көп фактор себепші. Ежелгі мәтіндерде, соның ішінде мысырлық және үнділік дәрігерлердің жазбаларында пайда болған қант диабетін емдеудің алғашқы жүйелі сипаттамасы біздің дәуірімізге дейінгі III ғасырда Ежелгі Грецияда жасалған. Эдвард Альберт Шарпи-Шафер қант диабетімен ауыратын науқастың ұйқы безі «инсулин» гормонын өндіре алмайтынын мәлімдеген.

Жыл сайын 14 қараша күні бүкіл әлемде Дүниежүзілік қант диабетімен күрес күні өтеді. Бұл күні канадалық дәрігер және физиолог Фредерик Бантинг дүниеге келді, ол Чарльз Бест және Джон Маклеодпен бірге 1922 жылы қант диабетімен ауыратын адамдардың өмірін сақтап қалатын инсулинді ашуда шешуші рөл атқарды. Тіпті ол үшін Нобель сыйлығы берілген. Біздің дәуірімізге дейінгі III ғасырда байқалған дерттің емі 1922 жылы табылды. Осы ортада қаншама жан осы сырқаттан көз жұмғаны беймәлім.

1980 жылы әлем бойынша қант диабетімен ауыратындар саны 108 миллион болса, 2014 жылы 422 миллионға жеткен. Халықаралық диабет федерациясының 2021-2022 жылғы дерегі бойынша, әлемде қант диабетімен ауыратын 537 млн ересек адам тіркелген. Ал 2045 жылға дейін «тәтті дерт» 783 миллион адаммен достасуда деген болжам бар. 2021 жылы Қазақстанда 808 мың адам қант диабетімен өмір сүрді, оның ішінде 320 мыңға жуық қазақстандық диагноз қойылмаған қант диабетіне шалдыққан. ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің деректері бойынша 2022 жылы Қазақстанда 5447 бала есепке алынған. Статистика жағдайдың мез емес екенін аңғартады.

2022 жылы бұқаралық ақпарат құралдарында «Қазақстандық ғалым қант диабетін емдеуге

арналған бірегей жасуша ойлап тапты» деген жаңалық тарады. ҚР БҒМ Молекулярлық биология және биохимия институтының ғалымы Бақытжан Әлжанұлы геномды редакциялау көмегімен I типті қант диабетін емдеуге арналған амал қарастырды. Бірегей жасушаларды науқастың ағзасына трансплантациялау арқылы инсулин гормонын бөлу функциясын қайтаруға мүмкіндік береді. Ол қант диабетінің зерттеу жұмысын 2018 жылы Канадада бастап, жоба аясында 3 ғалым жұмылдырылған. Бірегей жасушаны қолданысқа енгізу үшін толық зерттеу жұмыстарына уақыт қажеттігін де атап өткен.

Бері жылжысақ, 2023 жылдың 9 қараша күні Астана

баспасөз-конференциясы өтті. Жиын барысында ҚР Денсаулық сақтау министрлігі қант диабетімен ауыратын науқастарға көрсетілетін көмек стандартының қайта қаралатынын айтылды. Енді бұл диагнозы бар жүкті әйелдер мен студенттер инсулин помпасына арналған материалдарды, ине, картридж бен сенсорларды тегін алады. Бірақ жұмыс процесі мен қаржыландыру 2024 жылдан басталатынын нақтыланды.

Айта кетейік, помпа құрылғысына қажетті материалдармен 18 жасқа дейінгі балалар тегін қамтамасыз етіліп, ал 18 жастан асқан науқастар өз

Гүлнар Естайқызының айтуынша, құрылғы қолдану арқылы инсулин терапиясымен ем алу Қазақстанда 2011 жылы басталған.

Тақырыпқа арқау болған жыл басындағы инновациялық жаңалық – ақылды инсулин. Халықаралық БАҚ-та жарқ еткен жаңалықты «New Atlas» сайты жариялады. Қытайдағы Чжэцзян университетінің Фармацевтикалық ғылымдар колледжінің зерттеушілері бір апта немесе одан да көп уақытқа созылатын және қандағы глюкоза деңгейіне жауап беретін smart инсулин инъекциясын ойлап тапты. Зерттеушілер рекомбинантты адам инсулинінің аналогын, қазіргі инъекцияларда қолданылатын инсулинді глюкоза қышқылымен жетілдіру арқылы жасаған. Зерттеу жұмыстары барысында жануарларға сынақ жүргізілді. I типті қант диабеті бар тышқандарда сынағанда, енгізілген жаңа инсулин кешені тері астында бұшақ көлеміндегі «қоймада» жинақталып, препаратты баяу шығаратын түрге келеді. Ол қандағы инсулин деңгейін тұрақты «базалды» деңгейде және BG деңгейін қалыпты нормалық деңгейде ұстап тұрған.

– Жануарларда сыналған үлгілерде мұндай жаңа формуланың ұзақ әсер ететінін және глюкозаға жауап беретін инсулинді босату қабілетіне ие екенін көрсетті, – деді зерттеу тобының бас сарапшысы Чжэн Гу.

Зерттеу тобы клиникалық сынақтарға кіріспес бұрын препараттың ұзақмерзімді биойүлесімділігін одан әрі бағалауды жоспарлап отыр.

Қант диабеті – әлемді үнсіз жаулаған, эпидемия емес, пандемия сипатын иемденген дертке айналды. Жаһан медицинасы қарыштап дамығанымен, сусамырды толық емдейтін, түбірін жоятын шипа әлі жоқ. Бірақ аурудан айықтыратын емнің шығатынын үміт үзбейік. Ал жоғарыда аталған ғалымдардың еңбегі нәтижелі болатынына сенім мол.

Әлия ТӘЖІБАЙ



қаласында ҚР Денсаулық сақтау министрлігі өкілдерінің, эндокринолог-дәрігерлер мен пациенттік ұйымдардың қатысуымен Дүниежүзілік қант диабетіне қарсы күрес күніне арналған Ұлттық

қаражатына сатып алу. ҚР ДСМ медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті әлеуметтік маңызы бар аурулар кезіндегі медициналық көмек басқармасының басшысы



Қазбековтер әулеті қуанышқа кенелді

Быттыр өңіре 11 мыңнан астам сәби өмірге келсе, соның ішінде 171 егіз, үш үшем туған. Жалпы елде туу көрсеткіші артқаны байқалады. Жыл сайын 400 мыңнан астам бала дүниеге келеді. Соңғы жылдары егіз бен үшемің де қатары артқан. Бұған біздің облыстың үлесі бар. Мәселен өткен жылы 8 желтоқсан күні облыстық перинаталдық орталығында үшем дүниеге келді. Нәрестелер анасының жүктілігінің 33-інші аптасында өмір есігін

28 жастағы Ақбота Әсаттар мен 30 жастағы Нұрсұлтан Қазбек санитарлық-эпидемиологиялық бақылау саласында қызмет атқарады. Бұл – жас ананың екінші жүктілігі. Жантөре есімді ұлы екі жаста. – Тұңғышым ұл. Қазіргі таңда көп балалы ана атандым. Үшем дүниеге келгенде отбасымызбен қатты қуандық. Көптен күткен, армандаған сәбилеріміз өмірге келді. Тіл көзден сақтап, ұл-қыздарымның аман-есен өскенін қалаймын. Нәрестелерімнің дүниеге келгендегі салмағы – 1830, 1670, 1200 грамм болды. Оларда бірнеше

минуттық айырмашылық бар. Жағдайымыз қалыпты. Күйеуім жанымда жүріп, қолғабыс етеді, – дейді жас ана. Шақалақтар 1 айға жуық облыстық перинаталдық орталығы дәрігерлерінің жігі бақылауында болып, тұрақты ем қабылдады. – Толқуғаным рас. Балаларымның амандығын тілеп, өсіп-өне берсін деп тіледім. Менен асқан бақытты жан жоқ, – дейі ол. Ақбота өзінің жүктілігі туралы 6-ыншы аптада білген. Дәрігерлер алғашқы тексеруде егіз болуы мүмкін екенін болжады, бірақ 8-інші аптада үшем екенін растады. – Үшем деп естіген кезде қобалжу болды. Алланың

қалауымен берілген үлкен сый – үшем. Білікті дәрігерлер мен ұжымның арқасында аяқ-қолымды бауырыма алып, үйге шықтық, – дейді Ақбота Әсаттар. Қазіргі таңда сәбилер мен анасының жағдайы жақсы. Нәрестелердің есімін Қазбековтер әулетінің үлкендері, яғни ата-әжесі Әлінуір, Адина, Медина деп қойды. Айта кетейік, Облыстық перинаталдық орталығында 2023 жылы 11133 нәресте дүниеге келді. Оның ішінде 151-і егіз және 3-еуі үшем.

Ақерке КЕНЖЕБЕК

ОМЫРТҚАНЫ ЕМДЕУДІҢ ОҢТАЙЛЫ ТӘСІЛІ

Тән жарасын жазып, жанның тыныштығын да қалыпқа келтіру маңызды. Мәселен, Үндістанда пайда болған йоганың әсері мол. Денені шынықтыру арқылы саулық пен сергектік сезінуге болады. Әрі дененің иілгіштігін дамытып, түрлі аурудың алдын алады. Ал жапон дәрігері ойлап тапқан табата әдісі саламатты өмір салтын сақтауға негіз. Небәрі 4 минуттық жаттығудың тиімділігі тәжірибеде дәлелденген. Бұл әдістер тек қозғалысты қамтымай, тән мен жанның үйлесімін арттырады. Еліміздегі медицина да тың тәсілмен толықты. «Қазақ гимнастикасы» атанған айкөне жаттығуы дертке ем.

Отасыз және инесіз омыртқа ауруын емдеуге мүмкіндік бар. Қисаоын қалыпқа келтіріп, ағза қызметі мен көңіл-күйді орнықты етеді. Мұны Франция, Беларусь, Германия сынды мемлекеттер өз тәжірибесінде қолдануда. – «Айкөне» – омыртқаны емдеуге арналған жаттығулар жүйесі. Омыртқаның сау болуы – денсаулықтың басты кепілі. Жаттығуда адам омыртқаны керу арқылы сыртқы ортаның әсерінен, терең бұлшықеттерге күш түсіріп, қан айналымын кемеліне келтіре алады. 15 минуттың ішінде омыртқа қызып, ағзадан тер шығып, тәннің сауығуы күшейеді. Ежелгі қазақ даласында бұл әдіспен жауынгерлер, сынықшылар, емшілер айналысқан. Оны қайта жаңғыртушы Абай Ақатұлының еңбегі зор.

Қазаки гимнастиканың көмегімен омыртқаның скалиоз, остеохондроз, омыртқа жарығы, протрузия секілді дертті емдеуге болады. Тек ауруларды емдеп қоймай, адамның психологиялық жағдайын реттеуге көмектеседі. Адам ағзасындағы жүйке түбірі омыртқаның ішінде орналасқан. Адамның психологиялық жай-күйі, сезімдері омыртқамен байланысты, – дейді жаттықтырушы Д.Сапарқызы.

Бір орында тапжылмай жұмыс істеу омыртқаға зиян. Сондықтан үзіліс жасап, жаттығумен айналысу артық етпейді. Бұлшық еттерді қозғалтқанда сінірлер созылады. Нәтижесінде қанайналым жақсарып, тыныс алу жүйесі де қалыпқа келеді. Дене кимылы арқылы

жасалатын айкөне жаттығуының 2000-нан аса түрі бар екен. Бір қызығы, әрқайсысының атауы қазақ руларымен сабақтас.

Омыртқа жотасы – адамды алға, артқа және бүйіріне қарай иіп-қозғалтуға ықпал етеді. Демек оған ауырлық түспегені жөн. Соған қарамастан омыртқаның қисаюы балаларда да кездеседі. Ал айкөне жаттығуы бала денсаулығына оң өзгеріс әкеледі. Нұсқаулық пен бағдар бойынша жасаса, нәтижеге жетері анық. Өңірдегі клиникалық орталыққа баласын әкелетін ата-аналар бар. Мамандардың айтуынша, арнайы жаттығуды аяғы ауыр әйел мен қанатерлі ісігі бар адамдар жасауға болмайды. Сондай-ақ жұқпалы және созылмалы аурудың асқынуы кезінде, омыртқаға жасалған отадан кейін айналысуға рұқсат етілмеген.

Нәзік АХМЕТ



ЖАҢАНДЫҚ «ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА»

жаңа қуат көздеріне жан бітіреді

Басы 1-бетте

1,4 ГИГАВАТТЫҚ ҚУАТ КӨЗІ

Алдағы 5 жылда энергия тұтыну және оның шығынына байланысты негізгі көрсеткіштерді кемінде 15 пайызға азайту туралы Президент тапсырма берді.

«Жасыл экономиканы» дамыту мәселесімен мықтап айналысуымыз керек. Болашақта бүкіл әлем таза энергетикаға көшетіні сөзсіз. Халықаралық сарапшылардың мәліметіне сүйенсек, жалпы әлемдегі күрделі қаржы салымдарының үштен біріне жуығы – жаңартылатын энергетика жобаларының еншісінде, – деді Президент.

бүкіләлемдік бастамаларды еліміз әрқашан қолдап келеді. 2050 жылға қарай энергетикалық секторды толық көміртексіздендіру туралы Париж келісімі қабылданған болатын. Бұл – Париж қаласында өткен БҰҰ климат өзгерісі жөніндегі конференцияда әлем елдерінің басшылары қабылдаған, климат өзгерісі туралы әлемдегі тұңғыш заң тұрғысынан бекітілген жаһандық келісім. Мұны 2015 жылы 12 желтоқсанда 196 тарап қабылдап, 2016 жылы 4 қарашада күшіне енген. Бұл процесте жаңартылатын энергия маңызды рөл атқарады.

Расында «Жасыл экономика» – ауқымы өте кең ұғым. Топырақ, тыңайтқыштардан бастап қалдық өңдеуге дейін барлығын қамтиды. Бұл – адамзаттың табиғатқа зиян келтірмей, өзінің

– Бүгінде облыс аумағында жиынтық қуаты 89 мегаватт болатын 9 күн электр станциясы жұмыс істейді. Оның үшеуі ірі, шетелдік инвесторлардың қатысуымен салынған. Атап айтқанда, Шиелі ауданында орналасқан қуаттылығы 50 мегаваттық қазақ-британ компаниясына тиесілі «Байконур-Солар» күн электр станциясы, Жалағаш ауданындағы француздық «Total Eren» компаниясына тиесілі қуаттылығы 28 мегаваттық күн электр станциясы, Жаңақорған ауданындағы «Nevel» компаниясына тиесілі қуаттылығы 10 мегаватт электр станциясы. Сондай-ақ Шиелі ауданында «Тесис» ЖШС күн электр станциясын салуды жоспарлауда. Қазір қажетті жер учаскесі бөлінген (80 га), жобаны 2025 жылы іске қоспақ, – деді Қызылорда облыстық энергетика басқармасының баспасөз хатшысы.

желдің жылдамдығы 30 метр биіктікте секундына 4-5 метрге жетеді. Ең жоғары жел әлеуеті Каспий теңізі аумағында – Атырау және Маңғыстау облысымен қатар Солтүстік, Оңтүстік Қазақстанда бар. Дегенмен әлеуетіміз әлі қолданыла қойған жоқ. Ел энергетикасының батыс аймағында жел энергиясын өндіру 2022 жылы сағатына 301 миллион киловатт (күн энергиясы – небәрі сағатына 3,2 миллион) болды. Солтүстік аймақтың көрсеткіштеріне тоқталсақ, сағатына 1255,3 млн киловатт – жел электр стансалары өндірісінің көрсеткіші, ал сағатына 554,8 миллион киловатт – күн электр стансалары. Оңтүстік аймақта бұл көрсеткіштер сәйкесінше сағатына 805,5 миллион киловатт және сағатына 1196,7 миллион киловатт.

Байқасақ, күн энергиясы орасан зор әлеуетке ие, әсіресе күн жылына 2200-3000 сағатқа дейін жарқырап тұратын оңтүстік өңірде. Жазда еліміздің оңтүстігі тікелей күн радиациясын алады. Бұл – ең жоғары қуаттың 83-96 пайызы. Демек, Оңтүстік Қазақстандағы электр энергиясына сұранысты орындауға жеткілікті. Салыстыру үшін Вьетнамдағы орташа көрсеткіш – 2200 сағат, Қытайда – 2500 сағат, ал Германия, Ұлыбритания, Норвегия және Жапонияда жылына 1000-нан аз екенін айта кетейік.

Алғаш рет 2012 жылы Жамбыл облысында 0,5 мегаватт энергия өндіретін «Отар» күн электр стансасы салынды. Одан соң Алматы облысының Сарыбұлақ ауылында қуаттылығы 52 киловатт болатын тағы бір күн электр стансасы іске қосылды. 2019 жылы Алматы облысы Қапшағай қаласында қуаты 100 мегаватт болатын «Нұрғиса» күн электр стансасы жұмысын бастады. 2019 жылы Қарағанды облысында Қазақстандағы қуаты 100 мегаватт болатын күн электр стансасы да іске қосылған болатын. Еліміздің аймақтарында желден энергия алатын флюгерлер, күннен қуат алатын панельдер бар екенін білеміз. Көріп, естіп, оқып жүрміз. Дегенмен олардан қаншалықты қуат алып жатқанымыз туралы мәлімет сирек айтылады. Қазір барлығы 2388 мегаватт қуат беретін қалпына келетін энергия көздерінің 130 нысаны жұмыс істеп тұр екен. Оның ішінде 46 жел электр стансасы, оның қуаты – 957,5 мегаватт. Қуаты 1149 мегаватт болатын 44 күн электр стансасы. 280 мегаватт болатын 37 су электрстансасы нысаны, 1,82 мегаваттық 3 биоэлектрстанса объектісі.

Өңірлер бойынша жеке-жеке қарастыра берсе, ел бойынша ең көп үлес Алматы облысына тиесілі, ал ең аз ҚЭК үлесі – Қостанай облысына кірі. Ал БКО мен Павлодар облысында бірде-бір ҚЭС жоқ.

Жыл басында еліміздің жасыл энергетиканың белгіленген қуаты шамамен 2400 МВт болды. 2022 жылы жалпы жиынтық қуаты 385 МВт болатын 12 ҚЭК жобасы іске асырылған, 2023 жылы қуаты 276 МВт болатын 15 ҚЭК жобасы іске қосылған.

Энергетикалық кешенді жоспарлы орнықты дамыту мақсатында 2035 жылға дейінгі энергетикалық теңгерім бекітілді, оған сәйкес жаңа қуат көздері екі есеге жуық өседі деген болжам бар, – деп мәлімдеген еді бұрынғы Энергетика министрі Болат Ақшолбақов.

Электр энергиясын өндіру болжамына сүйенсек, 2035 жылы жел мен күннің жалпы генерациядағы үлесі шамамен 15 пайыз болмақ. Бұл дегеніміз – сағатына 152,4 миллиард киловаттың 19,6 және 2,9 миллиард киловаты. Сәйкесінше, көмір генерациясының үлесі 46,5 пайызға дейін төмендеуге тиіс.

Жалпы ҚЭК объектілерін салуға шетелдік және отандық инвесторларды тарту жұмысы жүріп жатыр. Сарапшылардың пікірінше, жыл сайын еліміздің энергия жүйесінде электр энергиясын өндіретін ҚЭК үлесі мысықтабандап болса да, өсіп келе жатқаны осыған байланысты.

тұрақты түрде артса да, 2021 жылы түпкілікті энергия тұтынудың тек 12,6 пайызы болған, ал қазба отындары 78,9 пайыз, атом энергиясы мен дәстүрлі биомасса 8,5 пайыз деңгейде тұр.

Бірақтар ел жаңартылатын энергияның экономикалық және әлеуметтік артықшылықтары көп екенін мойындап отыр. 2022 жылдың соңына қарай 128 елде жаңартылатын энергия көздері бойынша жалпы экономикалық мақсат белгіленген, дегенмен тек 31 елде 100 пайыз жаңартылатын энергия көздері бойынша мақсат қойылыпты, олардың көпшілігі 2050 жылға арналған. Жаңартылатын энергия көздерін енгізу жалпы ішкі өнімнің өсуіне ықпал етеді және жұмысқа орналастуға мүмкіндік береді деген де тұжырымдар бар. 2021 жылы әлем бойынша жаңартылатын көздер саласында жұмыспен қамту 12,7 миллион жұмыс орнына жетіпті. Бұл – рекордтық көрсеткіш.

СЫР ЕЛІНДЕГІ САПА

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «CNNP Rich Energy Corporation Limited» компаниясының өкілдерімен кездесіп, аймақ үшін маңызды инвестициялық жобалар туралы айтқаны есімде. Аталған компания ел аумағында жаңартылатын энергия көздерін пайдаланып, электр энергиясын өндіру жобаларына қызығушылық танытқан еді.

Аймақ басшысы Сыр өңірінде баламалы энергия көздерін пайдалану мүмкіндігі мол екенін жеткізді.

Облысымыз географиялық орналасуы мен климаттық жағдайына байланысты күн және жел энергиясын өндіруде зор әлеуетке ие. Қоршаған ортаны қорғау және «жасыл экономика» бағытындағы перспективалық жобаларды әрқашан қолдаймыз. Мамандардың зерттеуінше, өңірімізде жылына 300-ден астам ашық, бұлтсыз күн болады. Аймақ географиялық жағынан да желді белдеуде орналасқан. Облыстағы күн ұзақтығы жылына 3000 сағатқа дейін және күн энергиясын дамытудың энергетикалық әлеуеті жылына 32000 млрд. кВт/сағ., ал жел энергиясы жылына 2 700 млрд. кВт/сағ. құрайды. Бизнес ахуал мен инвестициялық әлеуетті жақсарту – аймақтың башы бағыттарының бірі, – деді Нұрлыбек Мамбеқұлы.

Мұнан бөлек, облыс әкімі инвесторларға қолайлы жағдай жасалып, Үкімет тарапынан ауқымды инвестициялық преференциялар ұсынылғанын, жаңа өндірістерді орналастыру үшін өңірде барлық қажетті инженерлік инфрақұрылымы жеткізілген арнайы 6 индустриалық аймақ жұмыс жасайтынын атап өтті.

Өз кезегінде «CNNP Rich Energy Corporation Limited» компаниясының өкілдері аймақ басшысына алғыс айтып, әріптестік орнатуға ниет білдірді.

Айта кетейік, тіркелген капиталы 2,2 миллиард юаньды, яғни 310,1 млн АҚШ долларын құрайтын «China National Nuclear Corporation (CNNC)» және «China National Nuclear Power (CNNP)» платформасы таза энергетикалық жобаларды дамытуға, құрылысын салуға және пайдалануға маманданған.

Компания қызметінің негізгі бағыттарына жел, күн, сутегі энергиясы, геотермалдық энергия, жинақтау энергетикасы, зарядтау станциялары кіреді.

Түйін. Қытымыр қыста табиғи газбен қамтылмаған аймақтар көмір түсіріп, әлі күнге от жағып алек. Бұл – жыл сайынғы әуресарсаң. Алыпсарлар да бұл «мүмкіндікті» пайдаланып кетуге тырысып бағады. Көмірдің «қаймағы» – сыртқа, қаспағы «іште» қалатыны тағы бар. Басқасын былай қойғанда, осы көріністен соң жасыл энергия, жаңа қуат көзі



Жаңа Экология кодексі және Көміртектік бейтараптығына қол жеткізудің 2060 жылға дейінгі стратегиясы қабылданғанын еске сала кетейік. Мемлекет басшысы елімізде бұл бағытта көп жұмыс атқарылғанын айтты. Кейінгі 5 жылда жаңартылатын энергетиканың елімізде өндірілетін қуаттың жалпы көлеміндегі үлесі 5 пайызға жуық өскен.

Өткен жылы «РИО + 20» саммитінен кейін «жасыл экономикаға» ауысу бойынша стратегияны іске асыруға бағытталған тұжырымдама әзірленген болатын. Онда бірінші кезекте экономиканың белгілі бір салаларын реформалауға бағытталған міндеттер тізімі жасалды. Осы міндетті орындау уақыты да нақты бекітілген еді. Бірінші кезек – 2013-2020 жылдары қорларды пайдалануды оңтайландыру және табиғатты пайдалану қызметінің тиімділігін арттыру. Сондай-ақ «жасыл»

де тіршілік етуіне, өмір сүруіне тиімді жағдай жасауының алғышарты.

2030 жылға қарай өндірілетін энергияның 30 пайызын сарқылмайтын, қалпына келетін энергия көзінен, 2050 жылға қарай өндірілетін энергияның 50 пайызын осы көздерден алу туралы мақсат бар. Сонымен қатар 2020 жылы өткен Париж келісімінің 5 жылдығына арналған онлайн саммитте жолдаған үндеуінде Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан 2060 жылға қарай көміртегі жағынан бейтарап мемлекетке айналады деп мәлімдеді.

ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІНІҢ КӨЛЕМІ

Жасасырып жабатыны жоқ, минералдық ресурстар – мұнай, газ және көмір ел экономикасы үшін аса маңызды. Тәуелсіздік алған сәттен бастап Үкімет баламалы энергия



инфрақұрылымды құру кезеңі. Яғни, осы уақыт аралығында инфрақұрылым толықтай құрылуы керек деген меже көзделген.

– 2027 жылға қарай тағы 1,4 гигаваттық қуат көзі іске қосылады. Еліміздің энергетикалық теңгерімінің құрылымы өзгеретіні анық. Сондықтан қуат өндіруден бастап оны таратуға дейінгі бүкіл энергетика саласын басқару тәсілдерін жетілдіру керек, – деді Президент.

Сонымен қатар тағы бір аталған бағыт – сутегіден қуат өндіру ісін дамыту болды. Мемлекет басшысының айтуынша, қуат көздерін кеңейту ісі энергетикалық машина жасау саласында технология трансфертінің жүзеге асырып, жергілікті өндірісті дамытуға, аккумулятор өнеркәсібін құруға негіз болады. Ең бастысы, елімізде шикізат қоры жеткілікті.

– Теңгерімді қуат көздерін, энергияның шоғырландыру жүйелерін құру үшін тың шешімдер қабылдау қажет. Көміртегі бейтараптығына көшуді парниктік газ шығарындыларына арналған квотаны саудалау арқылы тездетуге болады. Үкімет пен бизнес өкілдері осы бағыттағы мүмкіндіктерді пайдалану мәселесімен шұғылдануы керек, – дейді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Негізінен, жасыл энергетикаға қатысты

емес, қазба отын көздерін дамытты. Алайда географиялық орнымызға байланысты қалпына келетін энергия көздерін дамытуға үлкен әлеуетіміз бар. Бұл бағытта ресми деректерден өсім бар екенін байқауға болады. Елімізде қалпына келетін энергия көздеріндегі электр стансаларының жалпы белгіленген қуаты 2,5 ГВт-қа дейін өскен.

Электр энергиясының жалпы генерациясы өткен жылы сағатына 112,8 миллиард киловаттқа жеткен, оның 5,1 миллиарды – жаңартылатын энергетика еншісінде. Яғни, күн және жел электр стансалары, шағын ГЭС және биогаз қондырғыларын өндіру көлемі. Үлкен көрсеткіш деуге келмес, дегенмен жоспарымыз жақсы.

Қазір қалпына келетін энергия көздерінің ішінде елімізде ең көп қуат желден алынады. Бүгінде елімізде күн энергиясын өндіру жел энергиясын өндірудің үштен біріндей екен, ал 2035 жылға қарай айырмашылық жеті есеге артуға тиіс. Біздегі жел энергиясының ресурстары бұған толығымен мүмкіндік беретіні сөзсіз. Отын-энергетикалық кешенін дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасында Қазақстанның жел әлеуеті жылына 1 триллион 820 миллиард киловатт-сағаттан асатыны айтылған. Ел аумағының жартысына жуығында



РЕКОРДТЫҚ КӨРСЕТКІШ

Өткен жылғы жаңартылатын энергия көздерінің жаһандық жағдайы туралы REN21 баяндамасына сүйенсек, Ресейдің Украинаға басып кіруімен шиеленіскен энергетикалық дағдарыс тұрақты және арзан энергия көзі ретінде жаңартылатын энергия көздеріне көбірек назар аударуға ықпал етті.

Жаңартылатын энергия көздерін енгізу

халыққа фантастикалық фильмнің элементіндегі көрінісі анық. Не десек те, жоспарымыз жақсы. Ілгерілеу бар болғанымен, айтарлықтай деуге келмес. Орындалмаған жоспарлардың аяғы сұйылып, соңында ұмытылып тынатыны да жасырын емес. Бірақ әлем жүзін бұрған жасыл энергия көзіне, жасыл экономиканы дамыту көшіне ілесек, еңсеміз тіктелері анық.

Басы 1-бетте

Жалпы, қоғамның ақындарға қатысты бұрыннан бар, қазірге дейін өзгермеген көзқарасы – «ақындар қызқұмар, маскүнем» деген түсінік. Алдыңғы буын ағаларымыздың бірі сондықтан да ақындардың қоғам алдында беделі жоқ деп еді. Ал, жазушыларға қоғам сенеді. Білік те, қарапайым халық та жақын, жақсы көреді. Бір қызығы, айналандағы адамдардан сұрап көрсен, бұрын өлең жазбаған адамды табу қиын. Ақынның десең, екінің бірі мектеп кезінде өзінің өлең жазғанын айтады. Демек екінің бірі ақындықты есі кіргенше ермек қылған нәрсесі ретінде қарайды. Сондықтан жаңа адамдармен танысқанда да, бұрын

маймын. Мысалы, еліміз әлем бойынша суицидтен алдыңғы орында. Нақты білмеймін, бірақ алғашқы ондықта болуы керек. Солардың бәрі шығармашылық адамдары емес қой. Мүмкін, өмірден мағына көрмегеннен, болашағына сенбегеннен, айналадағы әділетсіздіктен баратын шығар. Өмірде болатын қиындықтың ширегін де көрмей жатып, бұл туралы ой айтып, үкімі ауыр деп білгішінгім келмейді. Түрлі тағдыр бар, өмірден баз кешуге не итермелегенін кім білсін. Бірақ өзіне қол салғанды ерлік етіп көрсететін көркем шығарма жетерлік. Оның романтизациясы көп. Өлімнен басқаны айтпайтын, о дүние күнде барып-келіп жүрген жері сияқты сөйлейтін уағызшы көп. Пол Остердің ойдан

сөзінің бірі боғауыз. Өз шамасынан артық көрінуге тырыспайтын, өтірік періште болмайтын сондай адамдарға ризамын. Рухани туысым «дүние өзгеріп, адамның бәрі ақындар тілінде сөйлейтін кез келеді» дейді. Ондай кез келмей-ақ қойса деймін. Себебі өмірде бейпіл сөзбен ғана жеткізуге болатын жағдай көп. Кейбір сөз сол анайы қалпында ғана әдемі. Өлеңге салсаң жасанды болып шыға келеді.

– Түртпектей берсе өз ізін де өзіндікі болудан қалады. Десе де, өлең талдап, кемшін тұсын айту ұмыт болғандай. Шын сын мақтау-марапаттың тасасында қалып жатқан жоқ па?

– Сын мен мақтау-марапат әдеби үдерістегі мән беруге тұрмайтын нәрселер. «Біткен іске сыншы көп».



АҚЫН РӨЛІН ОЙНАП ЖҮРГЕН ӘРТІС КӨП

өлең жазғанымыз білмей-ақ қойса деймін. Әрі керемет ақынмын деп те ойламаймын. Студент кезімде жазған өлеңдерім 2020 жылы «Жолқараған» атауымен жарық көрді. Бары сол.

– Ұлылық үнісіздікте секілді. Сырттан тон пішуге құмар қоғам өзіңнен қалуда мұрша беріп жүр ме? Жалпы оңашада ой бағу қаншалықты жаныңызға жақын?

– Ертеде Фалес деген білімді кісі жұлдыздарға қарап жүріп, байқамай құдыққа түсіп кетіпті. Айналасындағылар онысын мазак қылып, «аспан не теңіз, аяғыңның астына қарамайсың ба?» деп күлген. Бізге белгілі антик дәуірі Фалестің құдыққа түсіп кеткенімен басталған. Дегенмен адам қанша білімді болса да, қоғамнан тыс өмір сүре алмайды. Адам деген үш-ақ нәрседен – өзінен, өзі өмір сүріп жатқан қоғамнан және өзінің мәңгілігінен тұрады. Сондықтан қоғамнан қол үзбей, Құдайды ұмытпай, өз ойымын қалудан қорықпай өмір сүруге тырысып жүрмін.

– Ақындар азабына да азан шақырады. Өз-өзіне қол жұмсаған шығармашы адамдар аз емес. Мұндай трагедияға не түрткі болуы мүмкін?

– Мұндай трагедияға шығармашылық себеп болады деп ойла-

шығарылған, әбден азып-тозған қоғам туралы жазғанымыз оқығанымыз бар. Қоғам әбден іріп-шіріген кезде түрлі культтер пайда бола бастайды. Барлығының мақсаты біреу – өлім. Бірақ жолдары әртүрлі. Бір сектаның мүшелері әбден зорыққанша тоқтамай жүгіреді. Сонда ғана адамның жаны денесін тастап, жүгіріп шығатынына сенеді. Енді бір культтің мүшелері биік ғимараттың төбесінен секіреді. Сонда ғана адамның жаны тәнін тастап, аспанға ұшып кетеді деп ойлайды. Сондықтан түбі өлетінімізді бәріміз білеміз. Бірақ сол өмірдің қызығына алдану керек шығар.

Ал, ақындар азабына да азан шақырады дегенге келсек... Кейбіреулер ақындардан періште жасағысы, олардың кешкен мұңын өзеге қарағанда қоюлау етіп көрсеткісі келеді. Бірақ ақындар да өзіміз сияқты адамдар. Шілопсін қисайтып киіп, қасірет шеккен түрмен алысқа қарап, басын шайқап, көзін жұмып өлең оқып жүргендерді көріп жүрміз ғой. Сондайлар ақынның рөлін ойнап жүрген әртіс сияқты. Негізгі поэзияны өнердің бір түрі деп емес, қоғаммен тілдесудің басқаша формасы деп қараған жөн. Әйтпесе өлең оқып, өзімен тілдескім келген адамдар болды. Өзін көрсен, қәдімгі қарапайым адам, тіпті кейбіріннің екі

Неге? Өйткені кез келген адам сыншы бола алады. Бірақ нағыз әдеби шығарманы кез келген адам жаза алмайды. «Бойы жетпеген мысық өредегі етті менсінбейді» дегендей, оқымай жатып та сын айта беретіндер бар. Бірақ ең нашар жазылған өлеңнің өзі ең жақсы сыннан артық. Тіпті өткен ғасырдағы қазақ әдебиетіне қатысты сынның көбі биліктің айтағымен жазылған сияқты көрінеді. Жалпы, тоталитарлық қоғамда сын өзгеше ойлайтын адамдарды қудалаудың құралы ретінде пайдаланылады ғой. Қазіргі заманда барлық сынға жауап біреу ғана болуы керек. Шығарма ұнамаса оқыма. Ұнаса да ешкімге айтудың керегі жоқ. Бұл – жеке пікірім. Өзім жақсы кітап оқысам, ол туралы ешкім білмесе деп тұрамын. Жұрттың бәрі мақтаған, бәріне бірдей ұнаған нәрсені оқығым келмейді. Мақтау-марапат та нағыз әдебиеттің дамуын тежейтін нәрсе. Егер оны мүлдем алып тастаса, мүмкін әдебиетте адал адамдар ғана қалар ма еді?

– Әлем әдебиетінен синестезиялық үлгіні байқауға болады. Тіпті Жапон поэзиясының танка жанры тым бөлек. Қалай ойлайсыз, ақындар тың бағытта, тенеудің теңдессіз түрін жазып жүр ме?

– Бір кездері синестезия деген

тақырыпта өлең жаздым. Негізгі әдебиетте ондай үлгі бар дегенді естімеппін. Ол өлеңнің формасы емес қой. Синестезия – адамдағы бірнеше сезімдердің бірігуі. Бұл қандай да бір ауру немесе психикалық бұзылыс емес. Өте сирек құбылыс. Тыныштықбек ақынның «Қаздардың қаңқылынан қаймақ жалап, Түнде сәл Ай сәулесін тыңдап алам» дейтіні бар. Сол сияқты белгілі бір дауысты естігенде оның түсін де көретін немесе бір түсті көргенде оның дәмін де сезетіндер болады. Бізді қоршаған әлемді басқана қабылдайтын ерекше адамдар жоқ емес. Оны өлеңге қосқанымен, қандай сезім екенін өзім бастан кешірмеген соң білмеймін. Танка жанры да сол сияқты. Біз оның бес тармақ, отыз бір буындық өлең формасы екенін ғана білеміз. Бірақ толық сезіне алу үшін жапон тілін жақсы білу керек. Мұхтар Әуезовтың пікірі ғой деймін, «Өте терең эстетикалық ұғымдарды әр адам тек өз тілінде түсіне алады» деген. Нағыз поэзия өзге тілге аударуға келмейді. Біздің де кемшілігіміз сол, орыс тілінен басқа шетел тілін білмейміз. Сондықтан да қытай, ағылшын әдебиетінен жасалған нашар аудармаларды өз әдебиетіміздегі жана бағыт деп ойлап жүрміз. Қазіргі қазақ поэзиясында тың бағыт емес, қазақ

эстрасындағыдай плагиат көп.

– Аударма жайына тоқталсақ. Кейбір шетел классиктерінің үздік туындылары шет қалып жатыр. Тәржімаланса да, әдеби канондарға қайшы, түпнұсқадағыдай әсерлі емес. Бұған не дейсіз?

– Уақыт өте бізде де аудармашылардың өзіндік мектебі қалыптасар. Кемшіліктер де түзеле жатар. Ең бастысы, аудармашылар мейлінше көп болғаны дұрыс. Кімнің қазақша аудармаға көңілі толмаса, сол шығарманы өзінше аударып шықсын. Мысалы, танымал бестселлерлердің орысша аудармасының төрт-бес нұсқасы табылып жатады. Бірі ұнамаса, екіншісін оқысың. Бізде де сондай болса деймін. Жазуға келгенде ұстаз тұтағындардың бірі – Нора Галь. Қазақтан да Нора Галь сияқты мықты аудармашылар шықса деймін.

– Ұйықтап жатқан жүректі ән оятатыны белгілі. Бүгінгі әннің әуезі мен сөзі көңіліңізден шыға ма? Қай жанрдағы музыканы жиі тыңдайсыз?

– Қазіргі қазақша әндерді тыңдамаймын.

– Сүбелі сұхбатыңызға рақмет.

Өңгімелескен
Замира ҚОНЫСЖАН



ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫРДЫҢ ТАРИХЫ

Өмірдің көшірмесін кітапқа қаз-қалпында түсіру оңай емес. Балалық пен даналық арасындағы жолды есті естелікке айналдыру жақсы ой. Бұған мемлекет және қоғам қайраткері Қырымбек Көшербаевтың «Айналайын, Азаттық!» атты кітабының жарық көруі мысал. Кітаптың тұсаукесері Ә.Тәжібаев атындағы облыстық кітапханада зиялы қауым өкілдерінің қатысуымен өтті.

Жиынды белгілі ғалым, тарих ғылымдарының кандидаты, облыстық кітапхана директоры Нұрлыбек Мыңжас жүргізді.

– Кітаптың тілі шұрайлы, ұғынықты жазылған. Әсіресе, маған әлемдік саясатқа тікелей ықпал еткен тұлғалардың бірі Генри Киссинджер және пинг-понг саясаты туралы тарауы ерекше ой салды. Киссинджер АҚШ пен Қытай қарым-қатынасын реттеуде түрлі саяси айла-тәсілдер ойлап тапқан адам екен. Кітап осындай құнды естеліктерге толы, – деді ол.

Сонымен қатар облыстық мәслихат төрағасы, тарих ғылымдарының кандидаты Наурызбай Байқадамов саналы ғұмырын ел игілігіне арнап, ізгі істің басы-қасында жүрген

қайраткер жайында ой бөлісті. Әкім, министр, елші сынды маңызды қызметті абыроймен атқарғанын тілге тиек етті.

– Кітап атауының өзінде философиялық тұжырым жатыр. Қазақтың айналайын деген сөзі сенің жолыңда менің жаным құрбан, сенің мұңыңды маған берсін дегенді білдіреді. Осы бір ғана сөзде жанашырлық, мейірім мен шексіз махаббат жатыр. Ойлап қарасақ, бұл сөзді өзге тілге аудару да, өзге ұлтқа түсіндіру де – қиынның-қиыны. Оны түсіну үшін қазақ болып туу керек. Ал азаттық сөзі – еркіндік. Азаттықтан айырылу – адамның да, халықтың да табиғи болмысына кереғар құбылыс. Азат халық қана әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму жолына түсіп, тарих сахнасында сақталып қала алады, – деді Н.Байқадамов.

Кітаптың тарауы айрықша тақырыбы, мәнді мазмұнымен ерекше. Азаттық таңы атқан еліміздің іргелі дамуы мен саяси мәселе де қаралып, ұстаздары жайында да тебірене жазған. Жиында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ректоры Бейбіткүл Кәрімова, саяси ғылымдар докторы, мемлекет және қоғам қайраткері Мұрат Бақтиярұлы да сөз алып, тарауын тарқатып айтты.

Жиын соңында қатысушылар «Елім деп соққан жүректер» тақырыбында жасалған арнайы кітап көрмесін тамашалады. Мұнда Көшербаевтар әулетінен тараған Елеу Көшербайұлы, Айтбай Көшербайұлы, Қырымбек Елеуұлы мен Жомарт Елеуұлының әр жылдары жарық көрген кітаптары, мерзімді басылымда жарияланған мақалалары қойылған.

Нәзік АХМЕТ

«Уыз» әдебиеті туралы ой

Ертеден келе жатқан мәдени мұраның бірі – халықтың ауыз әдебиеті. Жазу-сызу өнері болмаған ерте кезден-ақ қазақ халқы тұрмыс-тіршілігі, қоғамдық өмірі, шаруашылығы мен кәсібі жайында түрлі өлең-жыр айтып, ертегі-әнгіме, мақал-мәтел, аңыздар ойлап шығарған және оларды ауызекі таратқан. Мұны ауыз әдебиеті деп атаймыз.

Қазіргі кезеңде зерттеуші-ғалымдар «ауыз әдебиеті» атауымен өзгерту керек деп есептейді.

Бір жағынан алып қарасақ, бала дүние есігін ашқанда «олдиден» бастап, барлық салт-дәстүр, жөн-жоралғы жасалады. Егер дұрыс жасалмаса, бала аурушаң немесе өспей қалса, «уызына» жарымаған дейді. Қазақтарда «уыз» ембеген жетім қозының жетілуі екіталай. Тіпті тірі қалған күнде басқа қозылармен салыстырғанда, шөкімдей болып, өспей қалады. Адам баласы да сондай болғанымыз ғой. Біз ананың екі-үш күнді ұзын бойымызға сіңіреміз. Бабаларымыздың уызға аса қатты мән бергенінің себебі осы. Мейіріммен берілген сүт баланың бойына доруден болып, «ана әлді» құлаққа жағымды естіліп, бала қуаттана өсуі шарт. Балаға ана уызы-

мен қатар ұлттық дүниеміздің, әлдіміздің де қатар берілуі үйлесім табатындай.

Жалпы уыз туралы не білеміз? Уыз – жаңа төлдеген малдың ең маңызды сүті. Бабаларымыз алғашқы 3-5 тәуліктегі осы сүтті пайдаланып, уыз тағамын дайындаған. Сары уызды енді ғана төлдеген малды бірінші рет сауғанда алады. Ал бір тәулік өткен соң сүттің маңыздылығы кеміп, ақ уыз пайда болады. Уыздың нәрлілік қасиеті қәдімгі сүттен құнарлы. Уыз құрамында антиоксиданттар өте көп. Сондықтан ол бала ағзасының қорғаныш қасиеттерін арттырып, ас қорыту жүйесін ретке келтіреді. Анасының уызын тойып емген төл мықты болып өсіп, тез ширайды.

Ауыз әдебиеті қанша жыл, ғасырлар өтсе де шыр етіп дүние есігін ашқан бала үшін уыз іспетті. Сондықтан болар

уыз әдебиеті деп өзгерту туралы ойлардың пайда болғаны. Әрине бұл құптарлық іс. Дегенмен «ауыз әдебиеті» немесе «уыз әдебиеті» десек те, мол мұрамызды жоғалтпай алмаспақ екен. Себебі дүние есігін ашқаннан жер қойнауына енгенше жырланатын жыр, ертегі-аныз, мақал-мәтелі, жұмбақ-жанылтыпшы бар рухани бай еліміз. Бізге қалған іс сол байлықты іздеп табу, оқу, өмірімізге қолданып, «ауыз әдебиеті» үлгілерін жоғалтпау. Оны дамытып, еліміздің ертеңі болатын жастардың рухани тұрғыда кем болмай, ана әлдімен, уызын еміп, салт-дәстүрі мен діни-нағымдарын менгеруін қадағалау керек. Ол үшін ауыз әдебиеті үлгілерін әрі қарай жандандырып тарату қажет. Сонда ғана ауыз әдебиетіміз мәңгілік болмақ.

Б.СЕРІКҚЫЗЫ



Бала қиялын дамытып, танымын кеңейтудің бірден-бір тәсілі – ертегі оқуға баулу. Ал баланың өзі ертегі құрап, шығармашылық қабілетін аша, ұстаз бен ата-ана үшін қуаныш екені сөзсіз. Қызылордалық Айзере Төлегенова да ерте жастан талантын танытып, додаларда топ жарған ізденіспаздың бірі.

Әдебиетке құштар оқушы Қызылорда қаласындағы Байұзақ Ермекебаев атындағы №271 орта мектептің 4-сыныбында білім алады. Жас болса да толыққанды шығарма түзіп, бірнеше ертегінің авторы болып үлгерген. Мәселен, ол бүгінге дейін «Қарлығаш пен түлкі», «Екі дос», «Малефикус», «Мысық пен тышқан» ертегілерін жазған. Барлық еңбегінде ізгілік үстемдік құрып, балаларды достыққа шақыруды мақсат тұтқан. Жаны таза шәкірттің кіршіксіз ертегілері оқырман жүрегіне жол тауып, ел ықыласына бөленуде.

Тіпті оның «Малефикус» ертегісі аясында сюжетті құрастыруға арналған лепбук және ертегі желісі бойынша анимациялық мультфильм

АЙЗЕРЕНІҢ АЙШЫҚТЫ ӘЛЕМІ

жарыққа шықты. Мұндай күрделі жұмысқа Айзереңің сыныптас достары – Сайдахмет, Заңғар көмектессе, дубляжды жетекшісі Мөлдір Берікқызы жасаған екен. Шығармашылықты дамыту нәтиже беріп, ол жуырда 2-7 сынып оқушыларының «Зерде» республикалық зерттеу жобалары конкурсының алғашқы кезеңінде I орын иеленді.

– Әдеби шығармаларға құштарлығым мектептегі ұстаздарымның қолдауы арқасында пайда болды. Көп өтпей өзім де ертегі жаза бастадым. Ертегіні оқыған әрбір бала ондағы жағымды кейіпкерлерге ұқсауға әрекет жасап, жағымсыз кейіпкерлердің мінезінен сабақ алса деп ойладым. Кейін ұстазым Мөлдір Берікқызы мен ғылыми жетекшім Аерке Болатқызының қолдауымен «Ертегі терапиясы» зерттеу жобасын бастадым, – дейді Айзере.

Шәкіртті демеу оны алға жетелері сөзсіз. Бұл орайда Айзереге шығармашылық, ғылыми бағдар беруге талпынған ұстазы Мөлдір Жалғасованың орны ерекше. Білікті педагог оқушыны түрлі додаға дайындап жүр.

– Ертегі мен ертегі терапиясын шатастыруға болмайды. Ертегі оқу арқылы баланың ойлау, сөйлеу қабілеті дамып, ойы ашылады. Ал ертегі терапиясы – баланың жан дүниесін тану, емдеу, ойын дамыту. Айзере алдағы облыстық ғылыми жобалар сайысының II кезеңінде шығармасын таныстырып, ертегінің бала тәрбиесінде алар орнын айшықтарына сенім мол, – дейді Мөлдір Берікқызы.

Ертегі оқу – баланы тыныштандырып, позитивке бағыттаудың әдісі. Бала негативті көңіл-күйде ұйықтамауы керек. Ертегінің соңы

жақсы аяқталуы керек екенін де ескеріңіз. Ертегіде жақсылық жамандықты жеңіп, бас кейіпкер батыр атанып, бәрі өз орнына келеді. Бұл баланы өмірде бәрі жақсы болатынына, позитивті ойлауға дағдыландырады. Ертегі арқылы ақыл-ой және дене еңбегінің барлық түрлерінде, баланы болашақта қоғамдық іс-әрекетке даярлауда, оның сезімдік қабілетін дамыту қажет. Сондықтан да күнделікті сабақ барысында ертегіні пайдаланар болсақ, баланың мінез-құлқына, сезімталдығына әсер етіп, дұрыс тәрбиелеуге үлес қосамыз. Ал баланың өзі ертегі шығаруға әуестенсе, жарты жүктің жеңілдегені.

P.МАҚСҮТ



БІР ДОСЫҢ КЕРЕК ЕКЕН...

Адам баласы өмірге жалғыз келіп, жалғыз кетеді. Кейбірі жалғыздықты ұнатса, енді бірі көпшілік қауымның ортасында өзінің жалғыз емес екенін сезінгісі келеді. Жалғыздық – қорқынышты. Өмірден дос іздеу – міндетіміз.

Әрбір адам баласы өмірде киналғанда қасынан табылатын, қысылғанда демейтін, барын асырып, жоғын жасыратын адал досы болғанын қалайтыны анық. «Жүз теңген болғанша, жүз досың болсын» деп текке айтылмаса керек-ті. Ал, сіз, бүгінгі таңда достықтың бар екеніне сенесіз бе?

Қазіргі көзқарас бойынша адамдар бір-біріне сенуден қалған. Сенгісі келсе де, ішкіде бір күмән тұрады. Сол себепті де достық ұғымының ауқымы тарылған деседі. Бірақ достыққа берік, досы көп жандар да бар. Ұзақ достық ол бала кезден басталады десек қателеспейміз. Ескі доспен кездескенде, есіңіз шығып қуанатыныңызды еске түсіріп көріңіз. Расында, ескі достар, бала кезде бірге ойнап, бір күлген бал күндердегі жолдасыңыз. Ескі дос һәм жаңа дос деп бөлуіміздің өзінде күдік жатқан жоқ па?

Кейбір жанның пікірі тіптен қызық. Олардың ойынша достық дегенді қиын күндерде қасынан табылып, тілектес болу. Арман-мұратыңызға тілектес болуды қалайтын адамды да дос деп қабылдау керек дейді. Бағалауға лайық пікір. Қанша адам болса, сонша көзқарас бар.

Қазақ халқы “Досы көппен сыйлас, досы азбен сырлас” немесе “Ақылды дұшпаннан қорықпа, ақымақ достан қорық” деу арқылы достықтың қаншалықты маңызды екенін айтқан. Досыңыз көп пе, жолдасыңыз ба? Жолдастық пен достықтың аражігін ажырата алмауымыздан оның бағасын төмендетіп аламыз. Достыққа алдалдық керек. Оған адал болам десеніз, өзіңіз дос бола біліңіз. Ең бастысы – сенім. Досыңызға өзіңізге сенгендей сеніңіз. Сыйлы болыңыз. Жақсы көріңіз. Сенім бар жерде ұлы достық бар. Оның арты өмірлік сыйластыққа ұласады.

Қарақат ЖАҚСЫЛЫҚ,

Айтбай Хангелдин атындағы
№179 орта мектептің оқушысы

ЖІГІТКЕ КЕРЕК ҚАСИЕТ

«Елді телісі мен тентегінен таныма, ері мен серісінен таны» деген данағой халқымыз. Ер-азаматтарды елдің айнасы дей отырып, қазіргі қазақ қоғамындағы жігіттердің бойында табылу керек қасиеттерді қозғап көрелік.

Тарих беттерін қарасақ, қаншама текті азаматтардың болғанын көреміз, бір-бірінен асқан шешен, дана, батыр бабаларымыз өткен. Олардың бойынан тектілік, ер азаматқа тән қасиеттерді көруге болады. Демек халық арасында текті әулеттен шыққан, текті азаматтың баласы деп бекер айтпағаны түсінікті.

Қазақ ұлды әрқашан яғни ержүрек, батыл, өнерлі болуға баулыды, «Еркек мінезді әйелден без, әйел мінезді еркектен без» деген халық даналығы да осындай асқар ойдан туындаса керек. Ежелден адам баласының жаратылыс мақсатына сай Алла Тағала еркек пен әйелдің орнын, жаратылыстық қабілетін және міндеттеріне сай мінездерін де бөліп жаратқан. Қыз балаға өмірге сәби келіп, оны аялап, бағып, қатарға қосу үшін сабырлық, байыптылық пен нәзіктік, сезімталдық және т.б. ерекшеліктер керек. Ал еркектерге керісінше шешім қабылдау т.б. жағдайлар үшін еркекке әрдайым ақыл-айла, күш-қайрат, батылдық пен табандылық, қарапайымдылық пен қажырлық, мейірімділік пен қаталдық та қатар керек. Сонымен қатар қазақ жігіттеріне өзгеше тән қасиет – намысқойлық. Елі мен жерін, Отаны мен отбасын жат табанына тапталмас үшін кез келген уақытта күресуге дайын болды.

Ұл бала үшін еңбектен кейінгі ең маңызды тәрбие қайнары ол – жеті атасын білу, тектілік әрі намысқойлық болды. Қазақ жеті атасын білмеген азаматқа тәрбиесіз, тексіз, білімсіз деп билік пен ел тізгінін ұстауға сенімсіздік танытқан. Себебі тегін білмеген текті әңгіме айтпайды деп санайды.

Тектілікке қатысты келесі бір қасиет шешендік, яғни өткір сөз иесі, ойын, идеясын халыққа жеткізе білетін ділмарлық. Ұлттық болмыс деңгейіндегі тектілік қасиеттің бір белгісі сөзге шешен, ойға терең болуда жатыр. Бұл қасиет жоғарыда аталған білім мен түсініктен, қабілет пен тәрбиеден шығады. Сөзді қадірлейтін халық бәрін де қадірлейді және осы қасиетімен қоғамдық өмірде құндылықтарды біріктіре алады. Абай айтқан алты бақан алауыз қоғамда даналық халықтың өміріне жақындамайды, тарихтың шеңберінде ғана өмір сүріп жатады. Сондықтан да қазақ сөзді қадірлеген, сөздің қадірленуі тиіс дүние екендігін ұрпаққа үйретумен келген.

Азат ЖУМАТАЙ,

№3 IT мектеп-лицей оқушысы

АДАМНЫҢ ҚОС ҚАНАТЫ

Дүние есігін ашқан сәбидің қандай болатыны жанындағы адамдарға, берілген тәрбиесіне байланысты. Болашақта балаларымыз бетке ұстар тұлға болу үшін не істеу керек?

Мұхаммед Әли «Чемпион жаттығу залдарында пайда болмайды. Адамның ішіндегі құлшыныс пен арманнан, мақсаттан чемпион туады» деген. Сол секілді әрбір баланы армандауға, мақсат қойып, нәтижеге қол жеткізуге талпындыру қажет. Яғни балаға қос қанат керек. Оның бірі – арман болса, екіншісі – мақсат. Ал ақ паракты әрбір адамның өзегі дер едім. «Армансыз адам – қанатсыз құспен тең» деген сөз бәзбіреулер үшін жағымсыз естілуі мүмкін. Шын мәнісінде бұл сөздің астарында үлкен шырыл үндеу бар. Қанатсыз құс ұша алмайтындай, армансыз да өзіңді биіктен көре алмайтыныңды түсіндіреді.

Ғ.Мұстафин «Арман деген көп бөлес, біріне шықсаң, бірі бар» деген. Түсінігімше, арман – адамның ұзақ өмір сүруіне себеп. Алға қарай ұмтыла түседі, ұмтылдыра береді. Ал мақсат деген не? Мақсат – сен қалайтын, орындалса екен деп тілейтін армандарға апарар жол. Мақсатың болмаса, армандарың бұлыңғыр бір елестей боп қалуы ғажап емес. Осы тұста Альберт Эйнштейннің: «Егер бақытты өмір сүргін

келсе, адамдар мен нәрселерге емес, мақсатқа тәуелді болыңыз» деген сөзі ой саларлық.

Білесіз бе, арман мен мақсат жайлы бұрын не ойладым, қазір не ойлаймын? Арман – ол уақыт өте келе өзгеріп, құбылып, түрленіп, жанырып тұратын нәрсе. Сенің ой-санаңмен, біліміңмен бірге құбылып отыратын өзгермелі материя. Мысалы, мектеп қабырғасында журналистика мамандығында оқысам деп армандағанмын. Қазір сол арманыммен алға қадам басып келемін. Ал қазір 18 жастағы қыз басқаны арман етеді, басқаны мақсат етеді. Ол қандай арман деген сұрақ туындауы орынды. Ал менің ішкі өзегім ешкіммен бөліскенді қаламайды.

Алға ұмтылу – өмірдің мақсаты. Өмірдің мәні – мақсатқа жету жолындағы іс-әрекеттің парасаттылығы мен пәрменділігінде, ендеше тұрмыс-тіршіліктің әрбір сәтінде алда үлкен мақсат тұруға тиіс.

Балауса СЕРІКҚЫЗЫ



АНАДАН АСҚАН ЖАН БАР МА?!

Ұлжан, ел билеген Айғаным мен Ұлпан секілді аналардың есімдері, Отан үшін отқа түскен Әлия мен Мәншүктей арулардың ерліктері ел өмірінде алтын әріппен өрнектелген.

Менің анам да өзіндік болмысы арқылы өнегелі тәрбие бере білген жан. Есімі де ерекше. Ақыл деп есім қоюы ол кісінің болашағына, ақыл-парасатына жол сілтесе керек. Үйдегі 5 қыздың болашағына алаңдап, жарқын өмір сүруі үшін барлық жағдайды жасап келеді. Біздің сырласымыз да, мұңдасымыз да бола біліп, қолпаштай білді.

Мамықты астымызға төсеп, бар тәттіні аузымызға салды. Ешкімнен кем етпей өсіріп, елдің перзенті болуымызды қалады. Кей ата-ана секілді балаларымен сырласпау, жеке қалмау, оларға уақыт бөлмеу, не істеп, не қойғандарынан хабарлар болмау секілді олқылыққа жол берген емес. Сол үшін ардақты анама алғысым шексіз.

Бүгінгі бейбіт те берекелі өміріміздің салтанат құруына жастық жалынын арнаған ақ жаулықты әжелер мен ұлағатты ұрпақ тәрбиелеп, мол мейіріммен әлемге жылылық сыйлап отырған аналардың әр күнінің көрікті, әр түнінің тыныш болуын қалаймын. «Бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербеткен» әйел-аналарға арналған шығармалық жүректен жарып шыққан балауса жырыммен аяқтағым келеді:

Өмір бойы қарыздармын өзіңе,
Қайран қалам бойындағы төзімге.
Аман жүрші, көз алдымда, анам,
Арнадым жыр бала – жүрек сезіммен!

Маржан ҚЫЛЫШБЕК,

Қармақшы ауданы
№107 орта мектептің оқушысы

ЕЛГЕ ТІЛЕК

Қазақты қылады еңселі ел,
Керағар ойларды жеңсе егер.
Рухани жаңғыру жолында
Еліміз бәрін еңсерер.

Ойлары халықпен аралас,
Бағдары, байламы шамалас.
Осынау алдағы жылдарға,
Сенімің артады бар Алаш.

Бұндай да түседі еске кім,
О, қиын шақтарға «қош!» дедім.
Ұлы бір мұратқа жеткізер,
Шынында, мен де осы көштемін.

Ауыр бір жүктен ел арылып,
Мәдениет, дәстүрім танылып.
Қаншама ұлт келеді о, сонда,
Қазақты тануға ағылып.

Ұлттық код – басты мақсатың,
Өркениет, өнерің – бақ-сатың.
Қазағым қарыштап өсе бер,
Шықсыңшы әрдайым жақсы атың.

ТУҒАН ЖЕР

Бала күндердің бейнесін,
Көрсеттің өзін қыратқан.
Алыстап кетсем сені ойлап,
Сағынып жетем жырақтан.

Құшағын ашқан ұлына,
Ауылым – сенсің бақ-мекен.
Әлемнен мынау, апыр-ай,
Кім сені іздеп тапты екен?

Нәр алып әрбір гүліңнен,
Қаламын барсам марқайып.
Кеңдігін көрем қазақтың,
Төріңде жатып шалқайып.

Ақтарсақ тарих дәл мұнда,
Желмая шөкті бек бекем.
Ақсуат, сен ғой жеруіық,
Асан қайғы қайда кетті екен?

БАЛДАБЕРГЕНОВА,
№107 орта мектептің
11-сынып оқушысы



Спорт өмір сүруге шабыт сыйлап, мақсат қоюға ұмтылдыратын қасиетімен құнды. Байқай білмейтін ерекшеліктің бір ұстыны да осында жатыр. Бүгінгі кейіпкеріміз – Мөлдір Махаббетова да өмір сынын сабаққа айналдырып, спорттан мән іздеген жан. Оның бойындағы ұмтылыс пен табандылық көп адамға күш сыйлайды.

пауэрлифтинг бағытына ойысып, түрлі республикалық және халықаралық додада топ жарып келеді. Мысалы, 2022-2023 жылдары Қазақстан чемпионатында I орын иеленіп, әлемдік аренаға шығуға жол ашылды.

– Өткен жылы сәуір айында Грузияда пауэрлифтинг бойынша Әлем кубогында 79 салмақ дәрежесінде өнер көрсеттім. Бұл дода халықаралық

– Мөлдір – Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы. Кәсіби спортшы дәрежесіне көтерілген еңбекқор қыз. Әрбір дайындық барысында төзімділігі, табандылығы, алғырлығы арқылы әлеуетін көрсете білді. Айтылған кеңесті қаперге алып, жарыс кезінде салқын ақылмен жағдайды таразылай алатыны ұнайды. Спортшылар ортасында тәжірибесімен бөлісіп, жас таланттарға

ЖЕҢІСКЕ ЖЕТЕЛЕГЕН ЖІГЕР



Мөлдір – пауэрлифтинг спортының шебері. Нәзік жанды ару зілтемір көтеріп, әлемдік додада ел байрағын биіктеуге. Кәсіби ортадан табылғанына көп бола қоймаса да айтарлықтай жетістікке жеткен. Алғашқы қадамынан-ақ талабын аңғарған бапкерлер сырбойылық аруға сенім артып келеді.

– Бала кезден өмірге құлшыныспен қарап, жаңа мүмкіндік, тың ізденіске құмар болдым. Туған өлкем – Шиелі ауданы, I-мамыр ауылында арман-мақсатым қалыптасып, алдыңғы буының қолдауын көп сезіндім. Әсіресе спорт арқылы денені үйлесімді дамытып, қоғаммен байланысымды қалыптастыруға мүмкіндік алдым. Түрлі спорт саласында бақ сынап, өткен жылы пауэрлифтинг бағытына ауыстым, – дейді Мөлдір.

Кейіпкеріміз – I-топтағы мүмкіндігі шектеулі жан. Өткен жылдың шілде айынан бастап пара

ережені менгеруге, білікті спортшылардың қарым-қабілетін байқауға жақсы мүмкіндік болды десем, артық емес. Аталған сайыста III орын иеленіп, теңдессіз тәжірибе жинадым, – дейді ол.

Мөлдірдің өзге де жетістігі аз емес. Мысалы, VI жазғы Паралимпиада ойындарында II орын иемденіп, ел мерейін көтерді. Оған қоса өткен жылы Таиландта өткен Әлем кубогында да II орынға тұрақтады. Соңғы жарыстан соң “Халықаралық дәрежелі спорт шебері” нормативін орындап, кәсіби деңгейін көтере білді.

Қазіргі таңда талантты қыз «Қажымұқан Мұңайтпасұлы» атындағы қалалық спорт клубының спортшысы атанған. Мұнда пара пауэрлифтинг спорт саласы бойынша дайындықты жүйелі жүргізіп, жарысқа қамдануда. Спортшы арудың бапкерлері Кабира Асқарова мен Айбек Абжан сала ережесі мен техникасы туралы толыққанды мәлімет беруде.

қолдау білдіруге құштар. Мұндай алғыр қасиет алдағы додаларда көмек болары сөзсіз, – дейді бапкері Айбек Абжан.

Мөлдір спортпен қатар сапалы білім алуды да ұмыт қалдырмаған. Қазақ гуманитарлық заң және техникалық жоғары колледжіне оқуға қабылданып, экономист-бухгалтер мамандығын аяқтады. 2022 жылдың сәуір айынан бастап қоғамдық жұмыс негізінде «Қызылорда облыстық мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігінде қызмет етуде. Сол ортада көптеген тағдырлас жанмен кезігіп, қоғамдық іс-шараларға белсене қатысып келеді.

– Салмағы ауыр темірді көтеру үшін едәуір күш керек. Бапкерлерім жаттығу барысында жақсы техниканы қалыптастырып, барынша шынықтыра алды. Олар байрақты бәсекеге жан-жақты дайындап жүр. Келешекте қателікпен жұмыс жасау арқылы үздік көрсеткішке қол жеткізу үшін барымды саламын, – дейді спортшы.

ТАРИХИ АЛТЫН: ИЛЬЯ МИЗЕРНЫХ ЧЕМПИОН АТАНДЫ

Қазақстандық спортшы Илья Мизерных Канвондағы (Оңтүстік Корея) жасөспірімдер Олимпиадасында трамплиннен секіру бойынша жарыста алтын ұтып алды. Осылайша қазақ спортының тарихында ең алғаш болып жасөспірімдер Олимпиадасының чемпионы атанды.



Алғашқы мүмкіндіктен соң Мизерных үшінші орын сақтап қалды. Ал екінші мүмкіндікте нәтижесін жақсартып, кейін бірінші орынға шықты. Екінші орында австриялық Никки Хамл, үшінші сатыда польшалық Лукаш Лукашук.

– Қазақстан халқы саған жанкүйер болып, қолдап жатқанын сезіну ерекше. Маған жанкүйерлік танытқан, жалпы теледидар алдында осы жарысты көрген барша қазақстандықтарға ерекше алғысымды білдіремін, – деді спортшы.

Жеңімпазды Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен сала министрі құттықтап, ізгі тілегін жеткізді.

ҮСТЕЛ ТЕННИСІ ТУРНИРИНДЕ ТОП ЖАРДЫ

АҚШ-тың Корпус Кристиде қаласында үстел теннисінен WTT Feeder Corpus Christi 2024 Халықаралық турнирі аяқталды. Осы жарысқа қатысқан Қазақстан құрамасының спортшысы Кирилл Герасименко жеңімпаз атанды.



Турнирде Кирилл Герасименко Кай Чжанды (АҚШ) 3:1, Сянцин Чжанды (АҚШ) 3:0, Хармит Десаиды (Үндістан) 3:1, Штеффен Менгелді (Германия) 3:1, Жоао Монтейрды (Португалия) 3:2 жеңді.

Оның айтуынша, турнирде мықты қарсыластармен ойнаған. Дегенмен жарысқа бәрінен бұрын ерте келіп, жақсы дайындалғанның арқасында жеңіске жеткен.

– Жоспар орындалды. Жеңімпаз атандым. Енді WTT Champions турниріне қатысып, рейтингтік ұпай жинаймыз, – деді теннисші.

Спортшы жақын арада Оңтүстік Кореяда болатын командалық әлем чемпионатына дайындықты бастайды, одан кейін Париж Олимпиадасына барады.

БАС ЖҮЛДЕ – БОКСШЫЛАРДА

Венгрияның Дебрецен қаласында бокстан Иштван Бочкай атындағы мемориал аяқталып, қазақстандық боксшылар бес алтын медаль жеңіп алды.



Қазақстан командасы сапынан Асхат Жүсіпов (48 кг), Асылжан Серікбай (57 кг), Бейбарыс Жексен (60 кг), Ертуған Зейнуллинов (63,5 кг) және Ерасыл Жақпеков (80 кг) чемпион атанды.

Асхат Жүсіпов финалда украиналық Андрей Тишовецті жеңсе, Асылжан Серікбай венгриялық Роланд Верштен басым түсті.

Жинақтаған
Б.ШАҒЫРОВ

SPARTATHLON: ШАҚЫРЫМ ШЫНДЫҒЫ

«Адамзаттың 240 шақырымдай жүгіруге, шын мәнінде, шамасы жете ме, әлде бұл гректердің қаптанған аңыздарының бірі ме?» деп халықаралық қоғамдастық ұзақ уақыт шүбәләнған. Ақыры Фидипид туралы аңыздың қаншалықты шындыққа жанасатынын тексеруге тәуекел етіп, 1982 жылы Джон Фоден бастаған британдық Әскери-әуе күштерінің бес офицері Грекияға ресми экспедициямен жол тартады. Ол бесеудің үшеуі аталған дистанцияны абыроймен өткен.

көрсетті. Курос өзі қатысқан төрт Спартатлонның барлығында жеңіс тұғырынан көрінеді.

Енді бұл салада «суперадам» да табылып отыр. 2016 жылғы марафоннан Олимпиада чемпионы Элиуд Кипчогенің ерен жетістігін Popular Science ғылыми басылымы «тек жеңіл атлетикадағы белес қана емес, сонымен қатар адам денесінің мүмкіндіктерінің біз білетін шектері мен көкжиегін әрі қарай ысырып, кеңейткен бейресми рекорд» деп бағалады.

төмендетпейді. Мысалы, бұған басқа қырынан қарауға да болады. Шетелде аса танымал Purdy Points қарқындылықты есептеу кестесіне сәйкес, 1:59:59 нәтижесі тіркелгенің өзінде, бұл жүгіріс қарқынды 5 шақырымдық дистанциядағы 12:20 секундқа, 10 шақырымдық жарыста – 25:49 секундқа, ал жартылай марафонда – 57:12 секундқа теңелер еді. Ал шындығында, бұл жарыстағы әлемдік рекорд 12:37, 26:17 және 58:23 минутқа ғана тең. Демек, Элиуд

концерт Кириетто, Кипсанг, Макау, Гебреселассие секілді әлемдік рекордшыларды қаржыландырды.

Бұдан бөлек, 2014 жылдың соңында Ұлыбританиядағы Брайтон университетінің спорт және дене шынықтыру ғылымының профессоры Яннис Питсилладис екі сағаттық тосқауылды жеңуге бағытталған бес жылдық жобаға кірісті. Жоба эфиопиялық әлемдік рекордшы Кененис Бекелемен байланысты екені жария болды. Ғалым мәселені шешуге ғылыми тұрғыдан келді. Мәселен, марафонды теңіз деңгейінен төмен орналасқан жерлерде ұйымдастыруды ұсынады, себебі онда ауа құрамында оттегі жоғары.

Nike компаниясы Breaking2 жобасына қаржы құйды. Элиуд Кипчоге дәл осы америкалық трансұлттық компаниямен келісімшарт бекіткен. Nike ғылыми зерттеулерге негізделген, карбондық-фибралық ұлтарағы бар кроссовкаларға екпін түсірді. Ол марафон нәтижесіне ықпал ететін бұдан өзге де факторларды – ауа райын, тамақтануды, арнайы таңдалған трассаны назарға алды. Кениялық спортшының жеңісі америкалық компанияның осы аяқ киімнің сатылымына да рекорд сыйлайтын болса керек.

Адам мүмкіндіктерінің шегін еңсеру туралы сөз болғанда, допингке қатысты мәселе бой көтереді. Венадағы марафонда жеңіске жеткендердің допингке тексерілгені мәлімделмеді. Әйткенмен Олимпиада аясындағы жарыстарға қатысып жүрген үш марафоншы әзірге мұндай жанжалға тап болмаған.

Мамандарды қызықтырып отырған жайт, дәл осындай жетістік ресми түрде, яғни Олимпиада жарыстарында тіркеле ме? Ондай оқиғаның қашан болатыны белгісіз. Арнайы трассаға қатысты түйткіл жоқ. Ол сертификатталғаннан кейін марафоншылар үшін ресми қабылдануы мүмкін. Ал рекордшыға әдейі жасалған өзге жағдайларды Олимпиадада қайталау қиын. Мәселен, Кипчоге марафон бойы пейістермен ауыстырумен болды: спортшылар жарғонында «оаян» деп аталатын бұл көмекші рөлдегі спортшылар «рекорд аулаушының» алдында, жолдың екі жиегінде жүгіріп отырады. Сөйтіп, жеңіске құштар чемпионды ілгері ұмтылдырады және «жұлдыз» спортшыны бүйірден соғар желден қорғап, ық болады. IAAF сайыстарының қолданыстағы ережелері мұндайды қарастырмайды.



Осы қашықтыққа Джон Фоден 37 сағат 37 минут, Джон Шолтенс 34 сағат 30 минут, ал Джон Маккарти 39 сағат жоғалтты.

Қазіргі кезде осынша қашықтыққа арналған сайыс түрі бар, ол Spartathlon деп аталады. 1983 жылдан бері бұл Халықаралық марафон жыл сайын қыркүйек айының соңында 246 шақырым қашықтыққа ұйымдастырылып тұрады. Ондағы ең үздік көрсеткіш грек болып табылатын австралиялық ультрамарафоншы Янис Куроска тиесілі. Ол 1984 жылы осы қашықтықты 20 сағат 25 минутта артта қалдырды. Бұл рекорд күні бүгінге дейін жаңартылмаған. 2019 жылғы 27 қыркүйекте өткен жарыс қатысушылары одан төмен нәтиже

Неге бейресми? Тарихи оқиға тіркелген Венадағы марафон Халықаралық жеңіл атлетикалық федерациялар қауымдастығы бағдарламасына кірмеген болатын. Оны британдық миллиардер Джим Рэтклиффтің Ineos мұнай-химиялық концерні ұйымдастырды және қаржыландырды. Рекорд тіркелу үшін барынша қолайлы жағдайлар түзілді. Марафон ресми бекітілген дәстүрлі трассада емес, кілт бұрылыстары жоқ, ең сапалы жабындыға ие мұқият әзірленген жолда өткізілді. Оны дайындауға 3,5 ай кеткен. Трасса компьютерлік бағдарламалар көмегімен жобаланды және сынақтан өтті.

Алайда мұның бәрі адамзаттың жаңа жетістігінің мәнін

Кипчоге барлық марафондағы жылдамдықтан асып кеткен және ол бірнеше спорт түрінде төзімділік пен ұшқырлық рекордын белгіледі. Яғни адамзат үшін жаңа меже айқындалды.

Бұл ретте инвесторлар мен атакты брендтер аталған спорттан пайда табуға болатын жол ізледі. Тіпті үш бірдей ірі жоба қолға алынған болатын.

Нақтылай кетсек, алдында немістің Adidas концерні Sub2 жобасы бойынша жұмыс жүргізіліп жатқанын хабарлады. Ақпаратты құпия, тек қорытындысы кезекті марафонда паш ететінін айтты. Ол жетістік Adidas-тың жаңа инновациялық спорттық аяқ киімнің жарнамалауға тиіс еді. Әлемдік

Ұшқыр ойлы, көңілді де тапқырлардың отанына айналған «Жайдарман» – жастардың сүйсіне тамашалайтын әзілкештер сайысы. Осы алаңның майталманы атанып, халықтың көз қуанышына айналған «Қорқыт» құрамасы Сыр елінің мақтанышы. 2019 жылы «Көңілді тапқырлар алаңында» чемпион болған әзілкештер, қазіргі таңда жеке шығармашылықпен айналысуда. Қоғамның белсендісі, блогер, шоумен Асылхан Дүкенбаев та жастармен бір толқында. Осы орайда жайдарманшының өміріндегі жаңалықтармен танысып, емен-жарқын сұхбат құрған болатынбыз.

– Әзіл әлемінде жүргеніңізге ұзақ уақыт болды. Осы салада «өтпеген-ай» деп бағындыра алмай кеткен бәлесіңіз бар ма?

– Бар жанарды жаулаған жайдарманды біраз уақыт ойнадық. Әзілдеп біздің құраманы жайдарманның «ақсақалы» деп айтқан кездер де болған. Халықтың қолдауы мен махаббатына бөлендік. 2011 жылы Жоғары лигаға өте алмасак та, 2012-2013 жылдары ІІІ орынды иелендік. Негізі барлығымызды алға жетелеуші күш – бас жүлдені иелену ғой. Былай айтқанда әзіл әлемінде өзіңді дәлелдейсің. Жоғарғы лиганың чемпионы атануды қатты қаладық, алайда бұл бізге бұйырмаған бақ болды. Чемпион атанбасак та, ел сүйген команда болдық. Десе де, жеңістен құр алақан емеспіз. 2019 жылы «КТА»-ның чемпионы атанып, құрамның, Сыр елінің намысын қорғадық. Үздік екенімізді дәлелдедік деп ойлаймын.

– Жайдарман сахнасында Сыр жастарының жана буыны көптен шықпанды. Бұған не себеп?

– Жайдарман талай жастың жолын ашқан мүмкіндіктер кеңістігі. Алайда қазіргі облыстық әзіл сахнасының жайы маз емес. Бұрын Жоғары лигада аймақ атнан кем дегенде 3-4 команда ойнайтын еді, қазір бұл арман. Сыр жастарының әзіл сахнасына шықпауының бірден-бір себебі – редактуралық жұмыстың дұрыс атқарылауы. Ішкі чемпионаттың өз дәрежесіне сай өтпеуі. Әзілдерді дұрыс қалағаламау, «арзан» әзілдерге жол беру, тек «ішкі кухняға» ғана өтетін қалжыңдарды сахналау себеп. Яғни республикалық сатыға жарамайтын әзілдерді ұсыну – жана буынның жолына тосқауыл. Облыстың да әзілкештер бақталасында құлдырауына осы себеп. Бұрын аймақтан Қазақстан түгелі, ТМД көлемінде жарыққа шыққан әзілдер де болды. Қазіргі қалжыңдардың облыс шекарасынан аспайтыны жатқаны өткір емес. Әзілді үлкен аудиторияға жазу керек. Ол үшін талант пен тапқырлық қажет қой. Ойлануды, жауапкершілікпен қарауды үйренетін уақыт



келді деп ойлаймын. Редакторлар әзіл топтарына осыны ұғындыру қажет. Сол кезде мықты командалар шығатынына сенемін.

– Әлеуметтік желі арқылы халат тойды ғана жүргізетінімізді мәлімдедіңіз. Бұған не себеп? Бұл қадам тапсырыс санын азайтып, табысқа әсер етеді деп ойламайсыз ба?

– Қазірде той сұранысын жоғалтпаған. Халықта таңдау көп. Қандай асабаны қаласа, соны шақыруға мүмкіндік бар. Бұрын барға қанағат ететін. Қазір заман басқа, сұраныс бөлек, талғамның дараланған шағы. Таңдау бар, демек асабалықтың да дәрежесі өспесе, төмендемейтіні анық. Быылдан бастап «халал» тойға көшуді жөн санамыз. Былтырдан ойда, жоспарда болған дүйне еді. Бірақ алдын ала жазылып қойған тойларды бітіріп, жана жылға жаса ережемен аяқ бастым. І қантар күні ресми түрде хабарлаған едім. Әрине, тойдың саны азаяды, алайда бұл мені еш қынжылтпайды. Өзім үшін дұрыс шешім деп ойлаймын. Ішкілік ішпеймін, ондай орталарды жақтыра бермейтінім де рас. Тапқан-таянғаным адал болсын деген ниет бастысы. Бұл жалғыз ғана себеп емес. Бағытымыз шығармашылық болғандан кейін, сериал, киноға түскім келеді. Түсірілімдерге көп шақыратын. «Той» деп көп нәрседен

бас тартқан кездерім болды. Уақыттың тапшылығы кісендеп қоятын еді. Ендігіде шығармашылығымға көңіл бөліп, жанаша жоспарларды жүзеге асырмақпын.

– Әлеуметтік желіде сізді тамашалап және қолдап отыратын көрермендеріңіз жеткілікті. Аудиторияға жасайтын жарнамаңызға да назар салатындар аз емес деген сөз. Жарнама жасамас бұрын бірінші не нәрсеге көңіл аударасыз?

– Блогерлік – жауапкершілікті талап ететін медиа сала. Әрбір әрекетіңе, сөзіңе жауап беруге тиіссің. Белгілі аудитория сені бақылап отырады. Парашама жарнамаға тапсырыс берушілер жетерлік. Бірақ оқырмандарға сапалысын ғана ұсынғым келеді. Не нәрсеге жарнама жасағандың білуге әрбір блогер міндетті емес пе? Көптеген әріптестерім ұрынып, ісі сотқа дейін жетіп жатқанын біліп жатамыз. Өте өкінішті, әрине. Сондай жағдайлардан аулақ болу үшін өнімге қатысты барлық мәліметтерді оқып шығамын. Өзіме ұнамаса жарнамаламаймын. Құмар ойын, букмекерлік кеңселер көп ақша ұсынады, бірақ ондай нәрселерден басымды алып қашамын. Адал еңбекпен тапқан ақшаның берекесі болмайды.

– Спорт бағытында да жемісті еңбек етудесіз. «Хан» атты футбол клубының

және мектебіңіз жұмысын жүйелі жүргізуде. Бұл клубты ашуға не түрткі болды? Қазақстандағы футболдың дәрежесі қандай?

– Қазақстанның футболы әлемге әйгілі. Топ 5 қатарында. Мемлекет бюджетті үлкен футболға құя береді. Әлемдік деңгейде үлкен футбол 98-інші орынды иеленген. Ақшаны қайда құю керектігін де біршама ойлау қажет шығар... «Хан» мектебі бұрыннан жұмыс жасайды. Клуб карантин кезінде ашылды. Сол уақытта той тоқтады. Спортқа жастық шағымнан жақынмын, футболға қызығушылығым жоғары. Уақытты босқа өткізбейін деген мақсатта достарыммен ақылдаса келе, қолға алған жоба. Клубқа ойыншыларды әр жақтан тартқанша, осы футбол мектебін бітірген балаларды мүше етіп алуды жөн саналды. Облыстық көлемде талай рет бас жүлдені иеленіп жүрміз. Республикалық деңгейде де асығымыз алшысынан түсіп жүр.

– Отбасыңызға ойысак, 3 бүлдіршініңіз бар. Бірақ өнер адамына уақыт тапшы емес пе? Балаларыңызға жеткілікті көңіл бөле аласыз ба?

– Құдайға шүкір, 3 балам бар. Екі ұл, бір қыз тәрбиелеп отырмын. Түзде көп жүрген сон сағынасын ғой, бала әке махаббатынан жұрдай болмауы қажет. Балаларыма ерекше көңіл бөлемін. Өңгімелерін тыңдап, солардың жасындағы баладай ойын қуатын да шағым аз емес. Қызым өте ақылды. Айтқанды лезде ұғып, сұрағанды екі етпей орындайды. Кішкентай болса да, қаржылық сауаттылығы жақсы қалыптасқан. Ақша жинасан планшет әперемін дегенімде, расымен ақша жинап, қалаған планшетін алды. Үйде көп бола бермеймін, бірақ

уақытым босаса балаларыммен сөйлесіп, жас болса да ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін үйретемін. Болашақ туралы, қандай салаға, не нәрсеге қызығатынын сұрап отырамын.

– Сұхбатыңыз үшін рақмет!

Нұршат НЫШАНОВА



ТРЕНДТЕГІ БРЕНДТЕР

Отандық киім брендтерін білесіз бе?! Иә, ойланп қарасаңыз, кімнің не өндіріп жатқаны қызық?! Ал елдің экономикасын алға сүйреу үшін осы бағытқа баса мән берілген. Қолыңыздағы сағатыңыз бен үстіңізге ілген шүберек қайдан шығады? Ал егер қазақстандық болса, кім жасаған? Елдегі алдыңғы қатарда сұранысқа ие брендтерді зерттеп көрдік.



Әлбетте, нәзікжандыларға қарағанда ер-азаматтардың брендтері некен-саяқ. Өйткені олар шүберекке көп қызыға да бермейтіні анық. Десек те, костюм-шалбардың өзінің түр-түрін талап кінетіндер жетіп артылады. Мұндайды әлеуметтік желіде жарнамасы алыстан қол бұлғап шақыратын «SHOQANSUITS» брендин ерекше атап өтуге болады. Оның негізін салушы қос азамат Ұлықбек Шаріпов пен Нұрсұлтан Мағзумов. Олар қазір Қазақстанның бірнеше облысын қамтыған және әлеуметтік желі арқылы жұмысын жүйелі қолға алған. Тігіншілердің дүкендерінде костюм, жеңіл, галстук, аяқ киім атаулының толық жиынтығына қол жеткізе аласыз. Айтпақшы, осы брендті қолданушы танымал тұлғалардың арасында «Сапасы шетелдік брендтен бір мысқал да кем емес» деген сынды пікірлер бар. Маталардың барлығы Қытай елінен келетін болса, аяқ киімді Гонконгта тігеді екен.

«Kadam.kz»-тің қазақы нақыштағы керемет аяқ киімдері де ұлттық брендті айшықтайды. Әрине көпшілік қолданысында «тек ұлттық мерекелде іздейді» деген жансақ пікір қалыптасқан. Қадамдықтар қазір күнделікті аяқ киімнің өзіне ұлттық ою-өрнектер мен әшекейлерді қолдана бастады. Бүгінде қазақтығы

мен азаттығын аяқ киімнің стилінен байқатып жүрген қандастарымыз – «Kadam.kz»-тің тұрақты тұтынушылары.

Ерлер аяқ киімі десе, ойға оралатын шебердің бірі – Самғау Нәсіпхан. Оны желіге кіргеннен бәрі білетін шығар... Қазақтың маңдайына біткен марғасқалардың ішінде Самғаудың шеберханасына соқпайтын адам кемде-кем.

Бүгінде ел арасында «Етікші Самғау» атанып кеткен ол бала күнінен осы кәсіппен шұғылданды. Әкесінің жолын қуды, армандады, сол арманына қол жеткізді. Самғау – SMG брендинің негізін қалаушы. Қазірде оннан астам адаммен команда құрып, басшылық етіп отырса да, еңбектен қол үзген жоқ.

– Аяқ киімнің дизайнын өзім сызамын. Етікше ою жабыстырып қояу әдемі деген сөз емес. Минимализмді сақтай отырып, өнімді барынша ұтымды етіп беруге тырысамын. Табанында немесе негізгі бөлігінде ұлттық оюдың элементтерін қолданамын. Сатып алушылар да ұлттық оюы бар етіктерге қызығушылық білдіреді, – дейді ол.

Женіл өнеркәсіп дегенде Қызылордадағы «Dalatex» киім бренді еске түседі. Әлемнің бірнеше мемлекетіне экспортталатын бұл өнім Сыр өндірісінің өркен жайғанын аңғартады. 200-ден астам қызметкер жұмыс істейтін тігін фабрикасы балаларға, ерлер мен әйелдерге арналған киім үлгілерін тұтынушыларға ұсынып келеді.

Әрине бұл брендтер жеке-жеке тоқталуға лайықты.

Түйін.

Кей тұстарда қызықталатын деректер де жоқ емес. Еліміздегі ұлттық статистика бюросы елімізде өткен жылы сатылған аяқ киімдердің 97 проценті сырттан алынатынын мәлімдеді. Сонда өзіміз барлық қажеттіліктердің 3 процентін ғана қамтамасыз етіп отырмыз. Ал жалпы киім өнімдерін импорттау 2021 жылы 30 есеге артты. Қазір бұл көрсеткіш төмендеген, бірақ жағдай айтарлықтай маз емес. Ең қызығы, ішкі импортты жалпы қажеттіліктің 99 процентін құрап отыр. Сонда еліміз халыққа қажетті ішкі киімнің 1 процентін ғана қамтамасыз етіп отыр.

Сұраныстағы өнім өндірген кәсіпкер де, халық та ұтылмасы анық.

Аян СПАНДИЯР



● Сойыл сөз

Кеңқолтық апайды өзім өз, көйлегім бөз болғалы танымын. Ол кезде әлем бойынша я тоңбайтын, я тоймайтын бай халық – студент кезім. Апай қызмет атқаратын мекемеге жолдамамен практикант боп барғанмын. Төртінші курс. Өйтін-бүйтін оқуды бітіретін жылым. Үш ай практикаға апайдың қарамағына топ ете түстім. Ол кезде бетіндегі әжімі білінебейтін, сөйлегенде сүрінбейтін, жігіт көрсе құлдімеді жастау шағы. Шашты соңғы сәнмен сәндеген, бетті әдемі әрлеген, етегі жер иіскейтін юбкасы бар апайыммен о баста жақсы боп кеттім. Мекемеде жетекші маман боп қызмет атқарады екен. Жұмысқа берілгені сондай, білмегенімді сұрай қойсаң, басың бәлеге қалды дей бер. Бір сағат ежіктеп, миының клеткасына дейін сіңіріп, шақша басың шым-шым етіп, ауыра бастаған кезде соңғы сөйлемнің соңына жан нүктесін қояды-ау, әйтеуір. Сырттан мақтағаным емес, бізді қадімгідей үш айда дайын маман етіп шығарды. Содан «айырылар көжемізді» бірше ішісіп, қимай қостастық.

ЕТЕГІҢІЗДІ ТҮСІРІҢІЗШІ, АПАЙ!

Арада алты ай өтті. Институт бітіріп, жұмысқа орналастым. Бірде жолшыбай апайымның жағдайын білгім келіп, мекемесіне соқтым. Апайыма сәл өзгеріс еніпті. Бастысы – бір басының екеу болуы. Сосын қызметінің бір сатыға көтерілуі. Жетекшіліктен бас маманға жоғарылапты. Бұрынғыдай емес, сөзін шығын еткісі келмей ме қалай? Жер иіскейтін етегі тобықты жасыруға шамасы жетпей қалыпты. Жұмыр тобығын сонда көрдім. «Қызметіне сәйкес етегі де көтерілген екен» деп өзімше топышылап болдым. Бірақ мені жылы қабылдады. Кофе дайындап, әлек болды. Өңгіміміз жарасып-ақ кетті. Өңгіме арасында бір орынның бос тұрғанын, соған менің келуімді қалады. «Бірге ітесеміз» дегені құлағыма майдай жағып барады. Бірақ амал нешік, мың доллар беріп, орналасқан жұмысымыз қалай тастап кетпекпін? Шаша алмай жүрген ақшам жоқ. «Сіз бастық болғанда орынбасарыңыз болып келемін», – деп әрең құтылдым.

Өмір бір орында тұрған ба? Зуылдаған уақыт араға екі жылды да салып жіберді. Жұмысбастылық жан-жаққа қарауға да шама келтірмейтінді рас екен. Бірде жарты жылдық есептен құтылып, арқаны кеңге салып отырып, Кеңқолтық апайым еске түспесі бар ма? Арнайы уақыт бөліп, кешке жұмыс аяғында соқтым.

Алғашында апайымды танымай қалдым. Қою қара шашы найзағай түскендей ала-құла. Көзінде шашымен түстес көзілдірік. Көйлегінің үстіңгі көкірегің әрең жапса, астыңғы жағы тізесін жылт-жылт еткізіп, «көрсетпейін бе», көрсетпейін бе?» дегендей, қызғандырып, жартылай жауыпты. Тобықтан жоғары жуан сан бұлт-бұлт етіп, ойнақшып тұр. Оған кім қызығып қарап жүргенін өзі білсін? Мен тек бағы, өзгеріс іздеп, сыни көзбен ұрлана көз тастап жүрген. Өзгерісі – осы. Ең бастысы – бастықтың орынбасары болыпты. Сыртқы өзгерістің себебін енді ұққандай болдым. Алғашқы кездегі жер иіскейтін көйлектің кімнің қадесіне жарап кеткені беймәлім. Ал, қазіргі киген киісі онша-мұнша жараспаса да, орынбасарлыққа дөп келіп тұр. Бұл жолы кофе бере қойған жоқ. Маған он минутын қылды да, қызметтік көлігімен артына газын шығара орташа жылдамдықпен жүріп, көзден ғайып болды.

О, шіркін! Қызмет деген сол. Мен де қара жаю болған жоқпын. Бас маманға көтеріліп, біраз желіңген

шағым. Апайды көрмегеніме бір жылдай уақыт болса керек, бірде қадімгідей сағнаымын. Алыс-берісіміз болмаса да, алғашқы сабақтарынан кейін біртүрлі ыстық көрінді екен. Тағы да сылтаумен мекемесіне бас сұқтым. «Құтты қонақ келсе, қой егіз табады» дегендей, дәл сол күні апайыма бұйрық шығып, мекеме басшысы болып, қуанышы қойнына сыймай отырған тұсы екен. Мені көріп қуанып қалды. Қолды бір сілтегеннен бәрі жүзеге асып жатыр. Рахат! Апайымнан бұрынғыдай өзгеріс көрмедім. Мүмкін қуанып отырғасын ба? Осы сәтті пайдаланып, мен де:

– Апай, «сіз бастық болғанда, орынбасар болып келемін» деген уәдем бар еді, – делім сыни көзбен. Апайым рахаттанып күліп:

– Мен орынбасарларымды дайындап қойғанмын. Сол уақытта келген кезде дайын орынбасарым болар едің, – деді. – Айтпақшы, бас маманға орын бар. Ойланп көр!

«Өзім де бас маманмын» деп, айтқым келіп тұрып, сөзімді жұтып жібердім. Шынын айтқанда, сөзімді шығындағым келмеді. Тез кеткім келіп қостастым. Обалына не керек, апайым менімен бастықтарша қостасып, құрмет білдіріп, есікке дейін шығарып салды. Мәссаған! Өзгерісті енді байқадым. Апайымның көйлегінің етегі тізеден көтеріліп кетіпті. Қос тізесі шодырайып, мен мұңдалайды. Қадімгі сырдың тізесіндей. Қош айтқысып, кете бардым. Бірден дегім келіп тұрды да, тілімді тістей қойдым. Су жана бастықтың көңілін қималдым.

Бұл не болды? О бастағы жер иіскеген көйлектің етегі қазір дәрежесі ескен сайын көтеріліп барады! Қазір тізеден жоғары. Ертен облыстағы мекемеге бастық болса, қалай болады? Одан кейін облыстық әкімшілікке барса ше? Әйтеуір, жалаңбұт тұрпн көрмесем екен...

«Кеңқолтық апай, алғашқы бейнеңді көргім келеді. Өзіңіз де, сөзіңіз де жарасқан сымбатты бейнеңіз. Бастық болғанға етектен қып тастай беретіндей көйлектің не кінесі бар еді? Ұятқа қалмай тұрғанда етегіңізді түсіріңізші, апай!»

Ішімде кеткен сөз осы еді. Өттен, айтылмай қалды-ау...

К.МАСИИ

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОРДЫҢ МІНДЕТІН АТҚАРУШЫ
Марат АРАЛБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
Тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Айдар САЙЛАУОВ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru
Instagram: @aqmeshiit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Кезекші редактор:
Замира ҚОНЫСЖАН

Таралымы: 7041
Тапсырыс: 140